Это научно-исследовательская работа повествует о нашем земляке Султанове Кадыре-ата, участвовавшем в Великой Отечественной войне, и о том, как его вместе с семнадцатью бойцами, оказавшимися во времена войны в окружении врага спасла Пелагея Брагина, о чем рассказывается в книге «Повесть о семнадцати спасенных», написанной ею в 1965 году. Также это рассказ о жизни ветерана войны и его трудовой деятельности в мирное время.

Кілт сөздері: Ұлы Отан соғысы, Султанов Қадыр Султанұлы, Юрьевск, П.Брагина

Ұлы Отан соғысы тарихымыздағы ең ауыр кезеңдердің бірі. Ол туралы әр адам біледі, қанды және аяусыз соғыстың қасіретін ұмыту мүмкін емес. Ия, Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 75 жылдың үстіне шықса да, бұл соғыстың әлі сарғайып үлгірмеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған қайсар жауынгерлеріміз де көп.

«Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам - опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады.

Ұлы Отан соғысына қатысқан аталарымыздың өмірлерін дәріптеу, келешек ұрпаққа жан-жақ-

ты түсіндіру, еске сақтау, оларға құрмет көрсету негізгі міндет. Солардың бірі соғысқа қатысқан, соғыста өзінің қайсар табандылығымен, қайратты мінезімен көрінген, ержүрек атамыз - Қадыр Султанов.

9-сынып оқушысы Темрболатова Бибиғұл осы соғыс ардагеріне қатысты бүкіл материалды жинап, туған-туыстарымен хабарласып, интернет желісінен мәліметтер іздестіріп, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізді. Осы жұмыс аудандық ғылыми конференциясында бірінші орынға ие болды. Облыстық кезеңге қатысып, алғыс хатқа ие болды.

Ең басты мақсатымыз Ұлы Отан соғысы жылдарында ауылдан майданға аттанған жерлестеріміз туралы құнды деректер жинау, зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы олардың есімін мәңгі есте қалдыру болды. Соғыс ардагерінің өмірімен мектеп оқушылары танысып білді. Ардагер туралы жиналған бірқатар мәліметтер мектеп мұражайына табысталды.

Негізгі бөлім

1941 жылдың жайдары жазында кешегі Отан соғысы бұрқ етті. Гитлер бастаған опасыз неміс басқыншылары Отанымыздың шебін бұзып, қасиетті жерімізді қанды табанымен басты. Тыныш еліміз дүрлігіп, азаматтарымызды кекті ашу кернеді. Кенеттен соқтыққан жауға қарсы ер-азаматтар қаруланып, қаһар төге аттанды.

Ұлы Отан соғысы басталғанда қазіргі Тасқала ауданы, 2-ші Шежін совхозына қарасты Қайрат ауылының адамдары да бірінен соң бірі соғысқа аттанды. Солардың бірі - Султанов Қадыр Султанұлы. Ол 1910 жылы Жаңақала ауданында дүниеге келген. 1933 жылдан 1941 жылға дейін ауылда бригадир қызметін атқарған.

1941 жылы соғыстың басталуымен, 13 күннен кейін соғысқа аттанған. Ол Ақтөбе қаласында 1941 жылы шілде айында жасақталған 312-атқыштар дивизиясы құрамында соғысты. Бұл дивизия тамыз айында толық штат және тізім бойынша жалпы жеке құрамада 11 347 адамды қамтыды. Дивизия құрамы әртүрлі ұлт өкілдерінен тұрды. Орыстар (4460 немесе 39,31%), қазақтар

(3556 немесе 31,34%), украиндар (2012 немесе 17,73%) сонымен қатар өзбектер, татарлар, түркімендер, белорустер болған. 1941 жылы 17 тамызда дивизияның барлық командирлері мен жауынгерлері ант қабылдап, екінші күні Мәскеу бағытына майданға аттанды.

1941 жылы фашистер Мәскеуге бағыт алды. Мәскеу жақын тұрды. Ұрысты ақтөбелік генерал А.Ф. Наумов басқарды. Мәскеуден 200 шақырымдық жердегі Подольск курсантарымен Кудиново, Ильинск, Юрьевск ауыл мандарын қорғау тапсырылды. Екі жақты шайқас жүрді Содан Юрьевск ауылына да немістер кірді. Юрьевскі ауылын қорғауда болған 312-атқыштар дивизиясының жауынгерлері немістердің қоршауында қалып қойды. Түтқынға түскен қызыләскерлерді немістер Кудиновоға жіберіп, қалғанын немістердің ойы бойынша өлімге жақындарын қожайындары тастап кеткен үйлерге апаруға рұқсат берген. Сол жаралыларды бағып қағудағы ауыртпалықты П.Брагина өз мойынына алған. «Мен оларға қажет, керек болдым. Оларға, менің жақындарыма, мен тамақ, ұйқы,



күн және ауадай қажет болдым» - деп жазып, П.Брагина өз күнделігін жүргізді. Сол күнделікте ол жаралылар туралы қажетті мәліметтерді, көмектескендерді, істеген жұмыстарын жазып отырды. Екі айға жақын Брагина 17 жауынгерді емдеп, аман алып қалды.

Пелагея Ивановна Брагина 1905 жылы Калуга облысы, Малоярославецкі ауданы, Юрьевскі ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Екінші дүниежүзілік соғыс уақытында неміс оккупация жағдайында 312-атқыштар дивизиясының бірнеше кеңес жауынгерлерін аман алып қалған.

Сол жаралы жауынгерлердің саны 17 болған. Соның ішінде біздің жерлесіміз Султанов Қадыр ата да бар. Жаралы жауынгерлерді бағып қағуда қиындықтар болды. Қарапайым жараны таңатын бинттер жетпеді. Оларды қайтадан хлор қосылған қоспада жуып, қайтадан таңуға тура келген. Ең бірінші жараны таңу соншалық қиын болды дейді П.Брагина. Марганцовкамен жуып, бар көмегін көрсетті. Оққа ұшқан, басына, бетіне, қол-аяғына тиген жаралылардың қалдері өте мүшкіл болды. Жауынгерлерге картоп, нан және жылқы етін берген, оны да болған жағдайда. Ұрыс кезінде оққа ұшқан жылқылардың етін тауып әкеліп отырған. Оған дәлел бола алатын Султанов Қадыр атаның ұлының әңгімесінен келтірілгенді айтуға болады.

Осылай сол жауынгерлердің өмірі үшін күрес басталды дейді өз жазбасында П.Брагина.

Ауыл ішінде оларға қауіп төнді. Фашистер үй-үйлерді тінтіп, ауыл старостасына әр жауынгер туралы мәлімет беріп отырды. П.Брагинаның өз үйінде жауынгерлерді жасырып отырғанын ауыл адамдары да біліп отырды. Сертке берік ауыл адамдары да оған көмектесіп отырған. Мүмкіндіктеріне қарай азық-түлікпен, жарты бөлік сабынмен бөлісті. Ауыл адамдары тығып жуған бинттерді кептіріп, кері беріп отырған. Әр күннен аман қалудың өзі қиын болып қала берді. П.Брагина өзінің ауруын ұмытып, не болсада сол жауынгерлерді аман алып қалудың қамын ойлады.

1942 жылдың 4 қаңтары күні Юрьевск ауылы азат етілді. Келесі күні жаралыларды госпитальдерге алып кетті. Сол кезде П.Брагинаның қолына әскери фельдшер және жауынгерлер өздерінің 17 адамның есімдері жазылған тізімді табыстады.

1957 жылы П.Брагина 15 жылғы бұрынғы соғыс туралы естеліктерін жаза бастайды. Оған

кезінде репрессияға ұшыраған неміс тұтқынында болған Т.И.Бобров қолдау көрсетеді. Алғашында бұл қолжазба «Жыртқыштың көзіне қара» деп аталды. Бұлай аталудың өзіндік себебі бар екен. Соғыстың алғашқы жылдары КСРО территориясында немістер орыстарға аса қатігездік көрсетпеген. Юрьевскі тұрғындарының естеліктерінде, немістердің «балаларымызға шоколад» ұсынатын еді дейді. Бір күні жасырынған жаралы жауынгерлердің аянышты дыбыстарын бір неміс офицері естіп, үйге кіріп келеді. Сол кезде Брагина, өзінің бір жерде оқығанын, яғни жыртқыш аңның көзіне тіке қараса, онда ол аң адамға шап етпейді дегенін есіне түсіріп, неміс офицерінің көзіне тіке қарап тұрады. Неміс офицері Брагинаға үлкен құрмет көрсетіп, шығып кетеді. Ол оны ұстап бермеді.

П.Брагина өзінің қолжазбасын басып шығаруға мүмкіндігі болмады. Дегенмен оның ерлік ісі 1960 жылдары белгілі болды. 1964 жылы А.Романов «Крестьянка» журналында «17 ұл» атты очеркін жариялайды. Содан кейін П.Брагина бүкіл одаққа танымал болады. Оны орталық теледидардан көрсетті.

Ал 1965 жылы 5 сәуірде «Он жеті құтқарылған туралы повесть» басылып, кітап саттыққа шығарылады.

П.Брагина құтқарылған жауынгерлермен үнемі хат алысып тұрған. Оған дәлел Султанов Қадыр атаның ұлы Абылқасым ағамен сұхбаттасқанда ол кісінің естелігінен білдік. Оның айтуынша «әкеме сол орыс әйелден хат келіп тұратын. Әкем де үнемі оған кері хат жолдайтын. Сонымен қатар Қайрат сегізжылдық мектебінің пионер ұйымы да осы П.Брагинамен хат алысып тұрған. Ал П.Брагина 1982 жылы қайтыс болған. Оның жерлеуіне 17 ұлдың төртеуі келіп, ақтық сапарға шығарып салған.

Султанов Қадыр ата туралы мына бір «Марапат қағазы» құжатына назар аударғым келеді. Бұнда Султанов Қадыр атаның Казьков атты командиріннің оның жау шебін бұзып шығуда көрсеткен ерлігі туралы жазған және оған III-ші дәрежелі «Богдан Хмельницкий» орденіне ұсынғаны көрсетілген. Оның ерлігі ротаны толық қару-жарақпен қамтамасыз етіп, сонымен қатар рота командирі жараланғанда, басқаруды өз қолына алады. Ротаны алға жылжыта отырып, өзі жеке жау пулеметін құртып, 4 адамды өлтіріп, 5 неміс жауынгерін тұтқынға алған.

Кейін Ленинград, Мәскеу түбіндегі, Батыс майдан соғыстарына қатысты. Соғыста 3 рет



жараланған. Соғыс аяқталған соң елге аман-есен оралды. Бейбіт өмірде көп жылдар бойы ауылда бригадирлік қызметте жұмыс істеді.

Ол 1982 жылы дүниеден озды. Артында қалған ұрпақтары Орал қаласында, Байқоңырда, Тасқала ауданында, Шежін, Қайрат, Бірлік ауылдарында тұрады.

Қорытынды

Ұлы Отан соғысы-бүкіл әлем тарихындағы ең қорқынышты әскери қақтығыс. Жеңіске жету үшін, халқымыз көптеген қиындықтарды басынан өткерді. Соғыс төрт жылға созылды. 1418 күн мен түнді өткізді. Кеңес Одағында өмір сүрген халықпен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест камалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Мәскеу мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етіп, шет елдің жерлеріндегі майдандарда жеңіс туын көтерді. Бұл соғыста Ұлы Жеңіс жолында қаншама боздақтың өмірі қиылды. Қазіргі ұрпақ, бізге ашық аспан мен бейбітшілік сыйлаған аталарымызға ризашылықтарын білдіруі керек, өйткені олардың жасаған ерлігі болмаса,

біз бұл дүниеде болып, өмір сүрмес едік. Сондықтан ардагерлеріміздің ерлігін, есімдерін ұмытпаған жөн, себебі тарихын ұмытқан халықтың болашағы жоқ. Бұл адамдардың өмірі, қаһармандығы, қайсарлығы, жас ұрпаққа үлгі болады деп сенемін.

Адамзат тарихындағы ең қанқұйлы соғыста жеңіске жеткен ерлер рухын әрдайым мәңгі қастер тұтып, құрметтейік.

Қорытындылай келе «Он жетінің бірі» Султанов Қадыр ата туралы жинақтаған құнды материалымды, ол туралы шағын альбом жасақтап, мектеп мұражай жәдігерлер қатарын толықтыруда бірден-бір құнды дүние деп білемін.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналы №8, 2009 ж.
2. «Егемен Қазақстан» газеті. 2014 ж., мамыр.
3. «Боздақтар» кітабы Батыс Қазақстан облысы Орал қ., 1998 ж.
4. «Ұстазға деген мың тағзым» «Өркениет» Орал қ.-Тасқала. 2010 ж.
5. «Мәлдір бұлақ» журналы. 2016 ж.
6. Мектеп мұражайы материалдары.
7. Интернет желісінен.



Жауынгердің үшбұрышты хаттары



МОЛДАШЕВ А. Ж.
К. Мендалиев атындағы ЖОББМ-нің тарих
пәні мұғалімі, музей жетекшісі,
Жалпақтал ауылы, Казталов ауд. БҚО

Аңдатпа

Ұлы Отан соғысы кезінде Отанын қорғауда шейт болған жауынгерлердің тума-туыстарына, бауырларына жазған отты жылдардың сағыныш хаттарының бәрінде де өмір үшін күрес, тіршілік тынысы, еңбек ету баяндалады.

Аннотация

Письма военных лет – это история каждого солдата, который сражался за мир на земле.

Кілт сөздері: тарих, тағылым, соғыс, мұражай, туған өлке, майдан.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы ХХІ ғасырдағы ұлттық сананың қалыптасуын, әбден таптауырын болған қасаң қағидалардан арылу қажеттігін, озық дәстүрлерді жаңғыртудың маңызды алғы шартына айналдыра білу керектігін алға тартқан ұлттық бағдарламаға айналып отыр. Біз тарпаң тарих талай қиындықтарды алдымызға тосып, асыл құндылықтарымызды тарих шаңына көмсе де, ұлттық болмысымыздан ажырамай, бірегейлігімізді сақтап келе жатқан халықпыз. Төл тарихымыз бен мәдениетімізді тереңірек білу – асылдарымызды ардақтау, өркениеттің жақсысын алу, жаманынан жирену жаһандану толқынында жұтылып кетпеудің бірден-бір жолы. Елдің өткенінде тағылым аларлық, үлгі-өнеге тұтарлық рухани күш боларлық талай құндылықтар жатыр. Қосөзен өңірінде орналасқан Жалпақтал ауылы – тарихы терең, әрісі алты Алашқа, берісі республикаға танымал тұлғалар шыққан, аттары аңызға айналған өнерлі, ауыздары дуалы адамдары аз болмаған ірі елді мекен. Жас ұрпақтың бойында отбасы, ата-ана, мектеп, Отан алдындағы жауапкершілік сезімін

қалыптастыруды, туған өлкенің тарихына, өткені мен бүгінгісіне құрметпен қарауды, адамгершілік-эстетикалық мәдениеті жоғары, ой-өрісі биік азамат ретінде қалыптастыруды мақсат еткен мектеп тарихи-өлкетану мұражайы К.Мендалиев атындағы орта жалпы білім беретін мектеп жанында 20 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Мұражайды құруға, алғашқы кезде оның жұмысын жүргізуге зор үлес қосқан өлкетанушы, арқалы ақын Сағынғали Мұқанов еді. Кейін оның ісін ұлы Бейбіт Мұқанов жалғастырды. Мұражай – аңыз бен ақиқат қатар жүретін мекен, сондай-ақ, өткеннен сабақ, елге еңбегі сіңген үлгі алар, тұлғалар тұрпатына тамсанар жер. «Патриотизм - кіндік қаның тамған жеріне, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады», - деген Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың аталы сөзі жас ұрпақты ауыл тарихының үлгілі, тағылымды, тартымды беттерімен таныстыруға, өлкеңе деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуге жетелейді. Жәдігерлерге жан беру және жас ұрпаққа жеткізу - ұстаздар қауымына парыз іс. Осы бағытта мектеп мұражайында жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Мұражай жөнінде, оның құрылу тарихына қатысты «Соқпақ»


журналының өткен жылдардағы сандарында толық қамтылған деректер жарияланған болатын. Мен Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 77 жылдығына байланысты мұражайда сақталған тың деректермен бөліскенді жөн көрдім.

Екінші дүниежүзілік соғыс - адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыс болғаны белгілі. Егер адамзат өз болашағын сақтап қалғысы келсе, өткен күнге көз тастап, қорытынды шығаруы тиіс. Демек, неміс фашистері бастаған алапат қырғында құрбан болғандарды ұмытуға хақымыз жоқ. Мұражайда Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған арнайы бөлім жасақталған. Бұл бөлімде жерлестеріміз, Кеңес Одағының Батырлары Ахмедияр Құсайынов пен Мәжит Жүнісов және қан майданның ортасында болған басқа да соғыс ардагерлері, «соғыс кезінің балалары» - тыл еңбеккерлері туралы деректер жинақталған. Соның ішінде адамның назарын бірден өзіне аударатын құнды жәдігер, бұл - осы мақаланың жазылуына түрткі болған үш бұрышты үлгіде майданнан жазылған хаттар.

Қан қасап майдан даласынан жолданған

үшбұрыш хаттар бүкіл ел болып сағына тосқан, сарғая күткен азаматтардың амандығын жеткізер еді. Бір жапырақ қағаздың бетіне сөзбен сипаттауға келмейтін жан толғанысы, алабұртқан сезім, алапат сағыныш сыйып тұрғандай. Тылдағы, ауыртпалығы майданнан бетер, оқ атылмады, қан төгілмеді демесен, бейнеті белшеден келер жерде жүргендер үшін де үшбұрыш хаттың құны тым қымбат болған шығар. Пошта тасушының жолын қарайлаған, қолына телмірген, бар болып шықса төбесі көкке екі-ақ елі жетпей қалғандай қуанған, өзін жер бетіндегі жалғыз бақытты адамдай сезінген толғанысты, тебіреністі сәттер аз болмаған болар.

Соның куәсіндей, майданнан келген хаттар біздің мұражайда да сақтаулы тұр. Хат жансыз ескерткіш. Одан адамның ішкі сырын, ортамен қатынасын, өмірге көзқарасын, табиғи болмысын аңғаруға әбден болады. Арада 77 жыл өтсе де бұл хаттарды оқыған адам тебіренбей тұра алмайды. Оның әрқайсысында бір-біріне мүлде ұқсамайтын, бірақ қасіретті соғыстың



салдарынан бір арнада тоғысқан адам тағдыры, өмір іздері жатыр.

Сондай сәлемнің бірі жауынгер жерлесіміз, кеңес офицері Майлыбаев Исламғалидың өз анасы Ғазизаға, ағасы Айтқалиға, қарындасы Айтқанымға жазған хаттары. И.Майлыбаев 1920 жылы туған. 1940 жылы қазан айында Фурманов (қазіргі Жалпақтал) ауылындағы педучилищесінің соңғы курсында оқып жүргенде Армия қатарына алынады. Новосибирскіде, Монғолияның Гамск қаласында әскери міндетін өтей жүріп, орта командирлер дайындайтын курста оқиды. Кіші лейтенант, взвод командирі дәрежесінде Ұлы Отан соғысына қатысады. 1943 жылдың 27 қаңтар күні Орёл-Курск бағытындағы Стрелецк селосын азат ету шайқасында ерлікпен қаза табады.


Әскери сапта болған сол екі жылдан аса уақыт ішінде Исламғалидың үйіне жазған хаттарын қарындасы Айтқаным қырық алты жыл сақтаған. Хаттар отқа да шарпылған, кейбірінің жазулары өшіп, түсі сарғайған, кейбірінде жанардан тамған жас моншақтарының табы қалған.


Исламғалидың ағасы Айтқали 1941 жылы наурыз айында әскери борышын өтеп елге

оралады. Соғыстың басталуына орай майданға аттанып, 1943 жылы 22 қаңтарда ауыр жараланып қайтыс болады.

Бір үйден екі боздақтың бірдей бір айдың ішінде қатар опат болуы аналары Ғазизаға да, қарындастары Айтқанымға да қатты батады. Амал не, Отан үшін жан қиған бауырларының хаттарын медеу етіп отырады олар. Айтқаным жетінші класты бітіріп еңбекке араласады, Ғазиза да білек сыбанып ауыр жұмысқа түседі. Өзі 1969 жылы дүниеден озар алдында осы хаттарды жоғалтпай сақтауды қызы Айтқанымға тапсырған екен.

Исламғали ой-өрісі кең, сол кездегі білімді жігіттердің бірі болған. Кириллица және латын ғаріптерімен жазылған хаттарында халықаралық жағдайларды, мемлекетаралық бейтараптық туралы жасалған келісімдерді сөз еткен. Кейбір хаттарынан ел басына туған ортақ жағдайға қиналу да, оны жену жолындағы патриоттық сезім де аңғарылады. Қарындасы Айтқанымға 1942 жылғы 7 шілдеде жазған хатында мынадай жолдар бар: «...Оққа қарсы тұр десе тұрамыз. Өлсем, тірілсем де соғысқа түсейін деп едім. Болмай оқуға жіберді. Бұл да 15 июльде бітеді.





Жеңіске біз жетеміз! Тек соған дейін жау оғынан қаза табамыз ба деп, бір жағынан сендерді ойлап, екіншіден жастық өмірді ойлап, жатсам ұйқым, тұрсам күлкім келмей жүрген жай бар. Сенің мына хатыңда «Қолымнан қандай жұмыс келеді» депсің. Жоқ, қалай болғанда да жұмысқа кір. Оқуыңды жеңіске дейін тоқтата тұр. Соғыс бітіп біз елге барғанша сіздер еңбек етуге тиіссіздер». Қанша жерден оқ борап, қадам басқан сайын ажалға кезігуі мүмкін бола тұра, үзілмеген үміт, ертеңге деген сенім осындай-ақ болар. Хаттар осылай сыр шертеді. Бәрінде де өмір үшін күрес, тіршілік тынысы, еңбек ету, Отанды қорғау сөз етіледі. Дүниеден ерте кеткен елін сүйген боздақ, патриот азаматтың есімі ешқашан ұмытылмақ емес.

Исламғалидың сол кездерде аудандық «Колхоз туы» газетінде мақалалары жарияланып тұрған. Сонымен қатар оның әжептәуір ақындығы да болған. Майдан даласынан жолданған хаттардың ішінде өлең жолдары да кездеседі. Бәлкім шалғайда, сұрапыл соғыс өртіне жүргенде өзінің бойындағы туған елге деген сағыныш сезімін мөлдіретіп өлең қылып жолдағысы келді

ме екен. Сол өлеңдердің бірі мынау:
*Жорғалап қолымдағы сүйір қалам,
Білдіріп амандықты сәлем жазам.
От кешкен батыстағы қан майданнан
Арман жоқ туған жерге жетсек аман.*

*Жорықтың қаупі күшті ойлағанға
Ұранымыз тек «Жеңіс», «Алга», «Алга».
Қан кешіп толарсақтан жүрген жай бар
Күндіз – түні ойран салып қалың жауға.*

*Кең өлкем гүлдене бер алтын аймақ,
Өсе бер күннен күнге гүлдей жайнап
Сен үшін жанын қизан ерлерімнің
Мақсат сол – фашистерден кегін алмақ.*

*Мені ойлап қамықпаңдар бауырларым
Хат жазсам жеңіледі сағынғаным
Кейде еске түсіп кетсе ойға қалам
Доп қуып, асық атқан ауылдағым.*

Үшбұрышты хаттар арнайы зерттейтін-ақ тақырып. Бір кезде үміт жібін жалғаған, әр көңілдегі селкеу түскен сенімді нығайтқан үшбұрыш хаттар ұмыт қалмасыншы.



Возвращение к истокам



ТИМОЩУК Е. А.
Заведующая Районной детской библиотекой
Района имени Габита Мусрепова
Северо-Казахстанской области

Аңдатпа

Статья посвящена теме библиотечного краеведения. Автор делится интересными наработками Районной детской библиотеки района имени Габита Мусрепова Северо-Казахстанской области по данному направлению.

Аннотация

Мақала кітапханалық өлкетану тақырыбына арналған. Автор Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мүсірепов атындағы аудандық балалар кітапханасының осы бағыттағы қызықты жұмыстарымен бөліседі.

Ключевые слова: Библиотечное краеведение, целевая программа «Познай свой край», мавзолей Карасай и Агынтай батырам, музей-заповедник "Ботай», Районная детская библиотека района имени Габита Мусрепова.

Возрождение библиотечного краеведения сегодня вызвано небывалым подъемом национального самосознания. Когда человек начинает осознавать, что он любит свой край? Вряд ли кто может ответить на этот вопрос определенно. Нужно ли помогать ему осознавать это чувство - безусловно! За последние годы возрос интерес к истории края, литературе, возрождению национальных традиций народов. Роль библиотек в этом первостепенна. В целях популяризации литературы о крае в массовой работе в районной детской библиотеке района имени Габита Мусрепова Северо-Казахстанской области используется вся многообразность форм и методов библиотечной пропаганды. В подтверждение этого можно было бы привести огромный перечень выставок, устных журналов, вечеров-встреч, обсуждений и т.д. В поисках новых путей пропаганды краеведческого материала библиотека нередко выходит за пределы чисто библиотечных форм. Уже пятнадцатый год сотрудники работают по долгосрочной целевой

программе «Познай свой край», цель которой - знакомство с историей Родины, родного края, воспитание чувств патриотизма и любви к малой Родине. Это достигается с помощью знакомства с фактами и явлениями прошлого, знакомством с наиболее яркими и героическими страницами местной истории, изучением имен земляков. За столь небольшой срок активистами библиотеки были посещены не только сакральные места района Габита Мусрепова, района Шал акын, но и Государственный литературно-мемориальный музей Сабита Муканова, мемориально-литературного дом-музей И.П.Шухова, Государственный литературно-мемориальный музейный комплекс Габита Мусрепова, историко-этнографический музей Шокана Уалиханова в селе Сырымбет, усадьба бабушки Шокана Уалиханова Айганым, музеи города Петропавловск, ярким и незабываемым стало посещение музеев столицы нашего Государства. Есть такое выражение «Звезды сошлись...» - это про Районную детскую библиотеку района имени Габита Мусрепова.



3 года находясь на карантине, сотрудники вынашивали план посещения с активными читателями замечательных исторических мест района Айыртау. И, вот не успев начаться лето, словно, кто то, узнав о праздновании Года детей в Республике Казахстан, решил воздать все и сразу - выполнить все желания, дав возможность посетить сакральные места благодатной земли Айыртау. 16 июня 2022г. отправившись в Туристический маршрут перед Караваном, а это более 50 юных читателей и руководителей детского чтения, Нержинской, Березовской, Андреевской сельских и Районной детской библиотеки, а также представителя Курганской областной детско-юношеской библиотеки им. В.Ф.Потанина (Россия), открылась первозданной красоты степь Айыртау, обрамлённая синими горами, сказочными озёрами. И вот мы у 16-метрового в высоту мавзолея Карасай и Агынтай батырам! Нереальная энергетика, ощущение свободы, легкости и умиротворение - все смешалось в нашей душе. А прослушав рассказ директора Мемориального комплекса Омарова Саммидина Ниятулаевича мы, словно перенеслись в XVII век, когда Карасай батыру и его верному другу Агынтаю было 18 лет, мы были поражены тому, что друзья и воины были неразлучны в течение 48 лет, и согласно преданиям, более двухсот раз совместно участвовали в кровавых сражениях против угнетателей и защищали родную землю от джунгарских завоевателей. Перед нами предстали образы Карасая, который отличался

силой и ловкостью, и был такого крупного телосложения, что для него одного шились сапоги из шкуры большого быка, физической силе, и мужеству Агынтая, о ком казахи говорят «Агынтай жұдырық» – «Агынтай кулак» (с крепким кулаком или мощными руками). Следующим впечатляющим пунктом маршрута поездки стал один из уникальных историко-культурных и археологических памятников эпохи энеолита на территории Республики Казахстан музей-заповедник «Ботай», место, где впервые 6 тысяч лет назад была одомашнена лошадь, о чем нам поведали заведующая отделом Айдарбекова Айгерим Бауыржановна и экскурсовод Курмаш Камила Шокановна. С замираньем в сердце, спустившись в жилище, начинавшееся с неглубокого котлована, по краям которого сооружена стена, прочность которой обеспечивалась армированием костями лошади, мы смогли воочию убедиться как в небольшом, обмазанном глиной и утепленном земляными пластами с шатровидным деревянным перекрытием жилище смогли размещаться 50 человек. Огромные черепа лошадей, размещенные в жилище включили нашу фантазию, поражая размерами в сравнении с современными лошадьми. Рассмотрев древние шкуры, на которых спали предки, мы обрадовались как здорово, что мы живем в современном мире в комфорте и теплоте! Также нам было представлено помещение для доения кобылиц и первая в мире кумысная – помещение со следами кострищ и специальными углублениями. Как

сказала экскурсовод, лошади для ботайцев были всем – их использовали не только для верховой езды, перевозки грузов и питания. Кости этих животных служили материалом для изготовления многих и многих вещей. Особый интерес вызвал мастер-класс по изготовлению керамических сосудов, проводимый художником - реставратором Тихоновым Юрием Борисовичем, который познакомил с древними технологиями обработки орудий труда. Желающие попробовать себя в роли гончара тут же присоединились, делая глиняные поделки на современный манер. Участники нашей экспедиции никогда не видели археологических раскопок и ждали от них нечто величественное. Младший сотрудник Makeev Марат Сайлауович познакомил нас с процессом их проведения, представил масштабность древнего поселения, насчитывающего свыше 150 дворов, если переложить на современный язык, это мегаполис того времени, представив нашему взору впадины от древних жилищ, напоминающих вырезанные в земле квадраты. На первый взгляд ничего выдающегося, но как нам объяснили эти места, хранят удивительные исторические факты о ботайской культуре, которая неизвестно, какие еще хранит тайны. Завершая нашу удивительную, не на что не похожую поездку, уставшие, но впечатленные увиденным по традиции на пикнике все участники делились переполняющими их эмоциями. Приятным аккордом туристического

маршрута на природе стало выступление МIRONENKO Людмилы Анатольевны-коллеги из Российской Федерации, которая поблагодарила организаторов - Районную детскую библиотеку за возможность прикоснуться к истории казахского народа и вручила благодарственные письма за длительное плодотворное сотрудничество и книги в фонд районной детской библиотеки. В ответном слове заведующая Районной детской библиотеки Елена Алексеевна отметила, что Казахстанский патриотизм – это сложный путь самопознания многонационального народа Казахстана. Всё что мы видим вокруг, создано нашими предками – мудрыми, добрыми и гостеприимными людьми, что каждый гражданин нашей многонациональной Родины должен стремиться к сохранению дружбы, доверия, согласия и стабильности в нашем общем доме – Республики Казахстан. В адрес подрастающего поколения прозвучали пожелания: чтобы считаться патриотом, мало любить свой край, мало гордиться им - надо знать, и знать глубоко, его историю: что подарило нам природой, что сделано человеческими руками, как жили отдаленные и более близкие к нам поколения, какую память о себе оставили, что создали они и что предстоит создать нам. Только знания сделают нашу любовь к родному краю по-настоящему деятельной, позволят сохранить и развить лучшие его традиции.





«Мұражай - тарих айнасы»



ТУЛЕГЕНОВА Б. А.
А.Оразбаева ат. ЖОББМ-нің
тарих пәні мұғалімі, музей
жетекшісі, Казталов ауд. БҚО

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру бағытында мектебіміздің 140 жылдық мерейтойына орай 2008 жылы мектебімізде ашылған педагогикалық мұражай туралы жазылған.

Аннотация

В данной статье рассказывается о педагогическом музее, открывшемся в нашей школе в 2008 году в честь 140-летнего юбилея нашей школы в рамках реализации программы «Культурное наследие» Республики Казахстан.

***Кілт сөздері:** мұражай, тарихи-мәдени мұра, мектеп, оқушы, ұстаз, ұлттық дәстүр, ардагер*

Мұражай – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме. Мұражай заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады.

Тарихи-мәдени мұраны сақтау – стратегиялық маңызы бар мемлекеттік мәселе. Ұлттық дәстүр, әдеби және мәдени құндылықтар, тарихи тәжірибе - ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын асыл қазына. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өзі қолдау көрсетіп бастамашы болған «Мәдени мұра» бағдарламасы қазіргі кезде көпшілік қауымның қолдауына ие болып отыр. Тұңғыш Елбасы жалпы ұлттық деңгейде бағдарлама жасау туралы осыдан бірнеше жыл бұрын, 2003

жылдың сәуірінде өзінің Қазақстан халқына Жолдауында бастама ретінде көтерген болатын. Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру бағытында мектебіміздің 140 жылдық мерей тойына орай 2008 жылы педагогикалық бағытта мектебімізде мұражай ашылды. Мұражайымыздың басты ерекшелігі алтын ұя мектеп табалдырығы ұстаз бен шәкірт үшін мәңгі қайталанбас есте сақталар алтын кезең. Еліміздегі дүбірлі өзгерістер, қайта жаңғырулар білім беру жүйесіне айтулы реформалар мен жаңа мақсаттар әкелді. Бірақ білім саласында мектептердегі жылдар бойы жүргізіліп, жалғасын тауып келе жатқан, білім берудегі оңды өзгерістер нәтижесі, аға ұрпақ өкілдері салған жолмен жасақталуында. Мұражайымыз 10 тақырыптық экспозициядан тұрады. Мұражайымыздың ұйымдастырылуы, жоспарлануы Туған жер бағдарламасы аясында аудан тарихынан басталады. «Білімнің биік

шындарын бағындырған» мектебіміздің атақты түлектері, ғылым докторлары, «Ұстаз-ұлы тұлға» мектебіміздің ардагер ұстаздарына, 1935 жылы мектебіміз орта мектеп болып құрылғаннан кейінгі мектепті басқарған директорлар, 1898 жылы 28-желтоқсанда Ішкі Бөкей ордасында дүниеге келген ұстаз, қоғам қайраткері Оразбаева Алма Дінмұхаметқызына, мектеп ұстаздарының жетістіктеріне, мектеп оқушыларының жетістіктеріне, мектебіміздің алтын, күміс белгі иегерлеріне арналған бұрыштар жасақталған. Мұражайымыздың төрінде алғашқы мектеп үйлері қазіргі Ленин (Хаби Жақып) көшесіндегі бұзылып алынған екі қабатты ағаш үйдің жанында Казталовка правителдері Қарабаевтардың үйінде болса, кейін Чапаев алаңында мектеп үйі әдейі салынып,

1932 жылдарға дейін жұмыс жасады. 1936 жылдан бастап аудандағы бірден - бір мектеп болып, С.М. Киров есімі беріліп орта мектеп болып қайта құрылды. Мектеп шикі кірпіштен, қаңылтыр төбелі, еңселі, биік екі корпусы жанадан салынған мектепке көшіріліп, 1973 жылы мектеп Ықсанов көшесіндегі ғимаратқа көшіріліп орыс мектебі болып құрылды, ол 1980 жылға дейін жұмыс жасаған мектеп макеттері, сол жылдардағы мектептегі оқушы партасы, оқушы формасы, сөмкесі қойылған.

Мұражай тек мың жылдық тарихты сақтап қана қоймай, сондай-ақ өсіп келе жатқан жас ұрпақты тәрбиелеуде ерекше орын алады.

Педагогикалық мұражай бүгінгі ұрпаққа боямасыз, таза тарихтың көшірмесі дей келе, мұражай мұрағаты деп сенемін.





Туристский поход как форма патриотического воспитания



ЗАМАЛЕТДИНОВ И.В.

Мастер спорта России по туризму,
Заслуженный путешественник России,
учитель, ПДО, Дом детского и юношеского
туризма и экскурсий «Простор».
г. Казань, Республика Татарстан

Аңдатпа

Мақалада Ресейдің әртүрлі аймақтарындағы Отан қорғаушылардың шайқас орындарындағы жорықтар туралы айтылады. Қарастырылып отырған материал педагогтарды, мұғалімдерді және туризм және өлкетану жұмыстарымен айналысатын туристердің кең ауқымын қызықтырады.

Аннотация

В статье рассматриваются походы в различных районах России по местам боев защитников Отечества. Данный материал будет интересен для педагогов, учителей и широкого круга туристов, занимающихся туристско-краеведческой работой.

Ключевые слова: походы, перевалы, обелиски, памятники. Школьники, ночевки, стоянка.

«Мы должны сделать все, чтобы сегодняшние дети и вообще все наши граждане гордились тем, что они наследники, внуки, правнуки победителей. Знали своих героев своей страны и своей семьи, чтобы все понимали, что это часть нашей жизни».

В.В. Путин

Время выдвигает качественно новые задачи по теоретическому осмыслению, дальнейшему развитию и конкретизации деятельности по формированию у подрастающих поколений высокой гражданственности, патриотизма, чувства ответственности за судьбу Родины. Всё более очевидной ныне становится необходимость для государства и общества в возрождении патриотизма как важного социально-нравственного ценностного ориентира, направленного на становление российской государственности. Целью данной статьи является определение влияния на формирование личности подростка патриотического воспитания через туристские походы и его необходимость современной молодежи.

Почти более семидесяти лет минуло с тех пор, как в лесах Подмосковья, на горных перевалах

Кавказа отгремели бои. Но не иссякает интерес детей, которые хотят увидеть места сражения своими глазами. Слышать рассказы о войне и видеть места боев это разные вещи. Чтобы не на словах, а на деле воплощался девиз «Никто не забыт и ничто не забыто» обучающиеся Дома детского и юношеского туризма и экскурсий «Простор» конкретными делами заполняют неведомые страницы Великой Отечественной войны. Среди обширного арсенала форм и методов патриотической работы, который накоплен мною за долгие годы, особое место занимают Походы Памяти, то есть походы по местам воинской славы, славных побед и горьких трагедий нашего народа. И это не случайно. Посещение памятных мест, где велись бои, осмотр памятников и реликвий на партизанских тропах Кубани, Крыма и битвы

за Москву – все это оказывает воспитательное воздействие на участников похода. Знания, яркие впечатления, приобретенные в походах, способствуют формированию убеждений, сознательного отношения к выполнению гражданского, патриотического долга. Походы по местам боев уникальны – они хранят в себе не только достопримечательности, но и память поколений, особую атмосферу, которую легко здесь прочувствовать. Ребята не по страницам учебника, а вот так, наяву могут погрузиться в то время, а отличие от пассивных форм воспитательной работы (встреч с интересными людьми, бесед, утренников, уроков мужества). Походы позволяют поставить каждого участника, в уникальное, с точки зрения воспитания, условия, когда абстрактные идеи приобретают конкретную реальность. Знание военно – исторического прошлого своей Родины делает школьника духовно богаче, способствует выработке у него активной жизненной позиции. Одним из основных направлений воспитания детей, как подчеркнуто в Государственных программах «Патриотическое воспитание граждан Российской Федерации на 2016 - 2020 - это развитие у детей, подростков и молодежи гражданственности, патриотизма как важнейших духовно – нравственных и социальных ценностей, формирование у них гордости за Отечество, за свою малую Родину. Участие подростков, в поисковых экспедициях, походах является уникальным направлением в воспитании учащихся, позволяющим одновременно достичь нескольких педагогических целей, комплекс которых вряд ли мы достигнем в мероприятиях другой направленности.

Ежегодно с обучающимися посещают труднодоступные воинские захоронения на перевалах горного Кавказа, Краснодарского и Ставропольского краев, возлагаем полевые цветы на памятных знаках и обелисках. Следовательно, работая в таком направлении, могу с уверенностью сказать, является развитием патриотизма и подготовкой защитников Отечества. Пройдет время, дети вырастут и уйдут во взрослую жизнь. Но вряд ли они забудут эти экспедиции, походы, ночные костры, соревнования, получение первых туристских наград. Пусть мои кружковцы не всегда самые лучшие ученики в школах, но разве это самое важное? Главное, что они хорошие друзья. Сейчас уже ко мне стали приходить бывшие ученики со своими детьми. Это приятно! Значит, дано нечто положительное, что они сохранили на всю жизнь. Причем, не прерывается связь с моими бывшими выпускниками.

Одной из наиболее действенных форм патриотического воспитания считаю проведение походов по местам боевой славы, во время которых можно возложить цветы и привести в порядок памятники, познакомиться с историческими местами и мемориальными комплексами.

За долгие годы работы в учреждениях дополнительного образования мною было совершено с детьми более пятидесяти степенных и категорийных походов и путешествий по пешеходному, горному, лыжному и водному туризму - преодолено более тысяч километров. Из более трех тысяч обучающихся, «заразившихся» этим видом спорта, более тысяча школьников выполнили нормативы на значки «Юный турист», «Турист России», а более тысячи - стали спортсменами-разрядниками. Обучающиеся принимали участие в различных соревнованиях по туризму, конкурсах, олимпиадах, конференциях. Положительными эмоциями и впечатлениями наполнилась жизнь моих кружковцев, которые все это время были со мной. Более двадцати человек выбрали профессию учителя. Туристско-краеведческие походы, экспедиции являются наиболее эффективными для развития у ребят любви к своей Родине и готовности к ее защите. В походах по местам боев подростки приобретают свой собственный опыт и воспринимают события с позиции реального времени, это позволяет в рамках путешествия вырабатывать у его участников правильное представление об исторической значимости победы советского народа в Великой Отечественной войне. При преодолении горных перевалов, речек у участников маршрута развиваются такие качества, как мужество, чувство ответственности за себя и своего товарища, взаимовыручка, дисциплинированность, выносливость. Обращаясь к истории своей страны, своего народа, подросток начинает понимать величие своей Родины, в нем растет потребность стать творцом, гражданином России. Туристские походы, в чем же их привлекательность? Это не только своеобразный отдых. Но и познание окружающего мира. Смысл познания, в конечном счете – воспитание личности, ее приобщение к культуре, социализации. От других способов познания мира походы отличает то, что здесь юные туристы соприкасаются с целым комплексом, в который входит люди, их образ жизни, среда обитания. Главная задача – развитие у учащихся интереса к истории родной огромной России. В работе использую такие формы занятий как экскурсии, одно и многодневные походы к краеведческим объектам, поисковая и исследовательская деятельность. Патриотическое воспитание подра-

тающего поколения всегда являлось одной из важнейших задач современной школы и учреждений дополнительного образования. Если педагог в повседневной работе начнет регулярно обращаться к вопросу патриотического воспитания, то это позволит вырастить поколение людей убежденных, благородных, готовых к подвигу, тех, которых принято называть коротким и емким словом «патриот».

Каждый год время неумолимо отдаляет нас от Великой Отечественной войны. Особое место в её истории занимает оборона Кавказа. Несмотря на время, прошедшее с той поры, его ледники продолжают открывать всё новые артефакты героизма и мужества защитников перевалов и ущелий Главного Кавказского хребта, ставших непреодолимым барьером для фашистских захватчиков. Сегодня теми же «оборонными тропами», что и 75 лет назад, к перевалам воинской славы идут уже внуки и правнуки красноармейцев, своими телами заслонивших путь врагу. Их цель – сохранить память о защитниках ледяных крепостей и рассказать современникам о цене той Победы. Чтобы дети смогли внутренне воспринять идею патриотизма, сумели испытать радость познания нового. О своей семье, о своей малой Родине, испытать радость передачи добытых самостоятельно знаний своим сверстникам и старшим товарищам, надо постоянно включать этот материал в свою работу, растить гражданина не на абстрактных идеалах, а на примерах из жизни родителей, соседей, на событиях из истории своей деревни. Воспитание патриотизма, уважения к старшим, их судьбе строится на конкретной исторической почве.

По всему миру, в самых разных странах стоят обелиски в честь участников и героев войны. Кроме мемориальных комплексов существуют также: скромные обелиски на братских могилах, военная техника, установленная в местах прошедших боев, мемориальные стелы, одиночные могилы героев – защитников, и памятные места, связанные с людьми и событиями героической битвы. Мы учим историю и собираем реликвии, создаём музеи и поисковые отряды.

Наши походы дают возможность юным туристам увидеть объекты истории, прикоснуться к ним, почувствовать события, о которых написано сухим языком книг. Является сильнейшим образовательным и воспитательным средством. Позволяющим познакомить участников маршрута на практике с историей, развивать в подростках высшие духовные и нравственные ценности. Понимание патриотиз-

ма имеет глубокую теоретическую традицию, уходящую корнями вглубь веков. Уже у Платона имеются рассуждения о том, что Родина дороже отца и матери.

И поэтому не случайно, что именно на Бородинском поле 3 декабря 2014 года с особой торжественностью был начат отсчет новой памятной для российской истории даты – Дня неизвестного солдата. Здесь прошла первая церемония памяти, посвященная всем неизвестным воинам России. С этого дня она проводится ежегодно.

Легендарное Бородино – место, где обязательно нужно побывать хоть однажды. Только здесь можно почувствовать все величие подвига двух поколений русских солдат, отдавших жизни за наше Отечество.

Основная смысловая идея этого лыжного похода – пройти по местам Партизанской Славы Подмосковья и защитников Москвы, посвященного 75-летию начала контрнаступления под Москвой и Героям Бородинского сражения 1812 года.

В поисковых походах не надо искать смысла патриотизма – он лежит вместе останками солдат, которых ищут и которых находят. Мы ищем. Мы находим. Мы рассказываем, за что погибли эти бойцы, и почему все ныне живущие обязаны им и Родине вернуть их имена, увековечить их подвиг.

В памятных местах, где велись бои, осмотр памятников и реликвий на Воинских перевалах Кавказа, на партизанских тропах Кубани и Крыма и битвы за Москву – все это оказывает воспитательное воздействие на участников Похода Памяти. Знания, яркие впечатления, приобретенные в походах, способствуют формированию убеждений, сознательного отношения к выполнению гражданского, патриотического долга. Походы по местам боев уникальны – они хранят в себе не только достопримечательности, но и память поколений, особую атмосферу, которую легко здесь прочувствовать. Туристские походы являются важным и действенным средством приобщения детей будущих защитников Родины к военно-историческим и трудовым традициям нашего Отечества.

Список литературы:

1. Наумов М.С. Филатова Е.В. «Подмосковье» Издательский дом Симон – пресс- М., 2000г.
2. Памятники отечества под редакцией И.В. Петрянова- Соколова, С.Н. Разгонова 1994г.
3. Глушкова В.Г. Подмосковье: культура, история, география М.,2003



«МЕНИҢ КІШІ - ОТАНЫМ» ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ ІІІ-ІІІ КЕЗЕҢІНІҢ КҮНДЕЛІГІ



Ескабулов Ерлан Максutowич
БҚО Сырым аудандық білім беру
бөліміне қарасты аудандық
«Жас туристер станциясының»
әдіскері, экспедиция мүшесі

Аңдатпа

Мақалада Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық «Менің кіші - Отаным» жобасы аясында «Шежірелі өлкенің – тарихын түгендеу» атты тарихи-өлкетану экспедициясының 3-ші кезеңінің күнделігі берілген. Күнделікте өлкедегі жер-су атаулары, жер-су атаулары мен тарихы жазылған. Күнделік жазбаларын қосымша білім беру педагогтары экспедициялар ұйымдастырғанда басшылыққа алуға болады.

Аннотация

В статье представлен дневник 3 – го этапа историко-краеведческой экспедиции «Шежірелі өлкенің – тарихын түгендеу» в рамках проекта «Менің кіші - Отаным» Сырымского района Западно-Казахстанской области. В дневнике записаны названия и история земельных-водных ресурсов в крае. Записями экспедиции можно руководствоваться при организации экспедиций педагогами дополнительного образования.

Кілт сөздері: Жымпиты, Қызылағаш, Алғабас, Аймолда сор, Ақсай, Ақшолпан, Аққора, Барқынкөл, Боржау, Егіндіой, Жайылма, Көкеншеген, Қолақбас, Қараман су, Қараоба, Қарашеген, Қаракөмер, Қыстаубай, Мыңшыңқұр, Сасықкөл, Сасай көне атау, Саралжын, Үшкүтір, Қарағанды, Құспанкөл, Тоғанас, Аңқаты өзені, Дадем ата Қазырет, Сары өзен, Сегізүй, Тамасай, Сырым шыққан төбе, Шолақанқаты өзені, Ақырап, Жаңаөңір, Жамбыл, Атишонқай, Бұлан, Ақбұлақ, Бораиш, Бөрібас, Қабыл, Қосазұл, Мақаш, Манқай, Сүттікен, Тайлақ батыр қорымы, Тасшеген, Тентекқара, Естек-Мәстек батырлар қауымы, Қоспа, Қосдаулетов.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында «Өзгерістер жолы: Әркімге лайықты өмір», «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша әрбір ауданның, Жол карталарында бекітілген іс-шаралар негізінде «Менің кіші Отаным» экспедициясының ІІІ кезеңі 2021 жылдың 16-17 маусым күндері аралығында ұйымдастырылды.

Сырым елі – көпті көрген, ғасырлар бойы тарихи оқиғалардың куәсі болған көне өңір. Бұған сонау қола дәуірі мен қазіргі кезең аралығын қамтитын материалдық мәдениет жәдігерлері, жер – су атаулары және көптеген ескерткіштер куә. Сырым ауданындағы тарих

пен мәдениет ескерткіштер жиынтығы болып табылатын 600 - дей оба, 50 – ден астам мазар, ғибадатханалар бар. Ал, жер – су аттары бірнеше мыңнан асып жығылады. Олардың әрқайсысы өзіндік тарихымен ерекшеленеді. Алғабас, Шолақ Аңқаты, Бұлан ауылдық округының ауымақтарында кездесетін жер-су атауларының тарихы тереңде. Жер – су атаулары – сол жерді ежелден иеленіп, мекендеуші халықтың тарихи зердесі, кейінгіге қалдырған хаты, өзгертуге болмайтын мұрасы болғандықтан экспедицияға қатысушы балаларға ұғындыру мақсатында баса назар аударылды.

Тарихи-танымдық экспедицияның үшінші кезеңі Жымпиты - Қызылағаш – Алғабас

(Аймолда сор, Ақсай, Ақшолпан, Аққора, Баркынкөл, Боржау, Егіндіой, Жайылма, Көкеншеген, Қолақбас, Қараман су, Қараоба, Қарашеген, Қаракемер, Қыстаубай, Мыңшыңқұр, Сысықкөл, Сасай көне атау, Саралжын, Үшкүтір) – Қарағанды – Құспанкөл – Тоғанас (Аңқаты өзені, Дадем ата Қазырет, Сары өзен, Сегізүй, Тамасай, Сырым шыққан төбе, Шолақ Аңқаты өзені) – Ақырап – Жаңаөңір – Жамбыл (Атшонқай) – Бұлан (Ақбұлақ, Бораш, Бөрібас, Қабыл, Қосағұл, Мақаш, Манқай, Сүттікен, Тайлақ батыр қорымы, Тасшеген, Тентекқара, Естек-Мәстек батырлар қауымы, Қоспа, Қосдаулетов салдырған мешіт.) – Жымпиты маршруты бойынша өткізілді. Барлық жүріп өтілген жол 420 шақырым.

Бірінші күн. «Жымпиты - Қызылағаш – Алғабас – Қарағанды – Құспанкөл – Тоғанас» маршруты

16 маусым 2021 жыл

07.00. Жымпиты ауылынан экспедиция сапарымызды бастап жолға шықтық. Күн бұлтты, аздаған жаңбыр бар. Уайымдатпайтын Уаз көлігін тақымымызға ерттеп, Қызылағаш ауылын бағытқа алып барамыз. Жоспарымызда жазылған жерлер эксклюзив болғалы тұр, өйткені бұрын көрмеген, бармаған жерлер.

07.50. Қызылағаш ауылына келіп, баратын бағытымыз бағдарлап алдық.

08.40. Балапансайды бойлап, барып, Аңқатыны айналып жүріп келеміз.

09.20. Ескі Алғабас ауылының маңына келдік.

Алғабас – Сырым ауданы, Алғабас ауылдық округінің орталығы. Кеңес үкіметі кезінде жаңадан құрылған шаруашылықтарға берілген атау. Мағынасы: алға бас, өрле, дамып, қарышта.

Аңқаты бойындағы бұл мекенді, бұл күнде Токсоба қорымы ғана мекен етіп тұр. Археологтардың аяғы тимеген қорымда ескіше, төтеше жазылған құлпытастар бар.

09.40-да аталған аймақтың бізге сыры белгісіз, сол себепті өзенді жағалай орналасқан малшылардың мекендерінен жөн біліп, жол сұрап кезекті қорымға қарай бағдар түзедік.

Рельефті және картаны салыстыруда тәжірибесі жоқ спортшылар картаны оқуды рельефті бақылаумен жиі алмастырып отыруы керек. Картаны оқу мен рельефті бақылау арасындағы байланыс егер картаның бейнесі мен рельефтің тиісті бөлігінің бейнесі бір-біріне сәйкес келетін және бірін-бірі толықтыратын санада бірдей айқындықпен ұсынылса оңтайлы. Жоғары білікті спортшылар үшін карта мен рельефтің бейнесі іс жүзінде рельеф пен карта туралы біртұтас идеяға біріктіріледі, бұл оларға көрінуден тыс «оңай көрінуге» мүмкіндік береді.

Өрескел жерлерде жүгіру жағдайында картаны оқу қысқа уақыт аралығында жүреді, сәйкесінше, біз алда және айналамыздағы рельефті көбірек көреміз, сонымен қатар басқа мәселелерді шешеміз (жүгіру техникасын бақылау және т.б.). Сонымен қатар, олардың ерекшелігі еріксіз назар аудартады, бір нәрсемен ерекшеленетін нұсқауларды есте сақтайды; көбінесе дәл осындай белгілер арқылы сіз картадан өз жолыңызды қалпына келтіріп, талдай аласыз. Ерікті және еріксіз есте сақтаудың арасында байланыс бар: ең қажет нәрсені саналы түрде есте сақтауды үйреніп, жеткілікті бақылау тәжірибесін жинап, біз назарымызды қажетті нысандарға саналы түрде жазуды үйренеміз.


Картаны рельефпен салыстыру мүмкіндігі

бағдарды жоғалтуда шешуші рөл атқарады. Осы жағдайға тап болған спортшы, ең алдымен, бағдарын жоғалтпаған жерді еске түсіруі керек. Содан кейін қозғалыс бағыты мен қашықтықты жадта қалпына келтіру керек, бұл оның орналасқан жерінің шамамен шекарасын береді. Осыдан кейін спортшы өзіне бағытталған картада көрінетін белгілерді табуға тырысады, дұрысы белгілердің біреуін ғана емес бірнешеуін табу.

Егер бағдарлар картада көрсетілгендей орналаспаса, онда ауданның шекарасы дұрыс анықталмайды. Бұл жағдайда соңғы бағдарлауды жоғалтпаған жерге оралған жақсы. Спортшы қайтып оралуға уақытты жоғалтудан қорықпауы керек. Тәжірибе көрсеткендей, рельефті сансыз тарақтау сәтті болмайды.



Картаны компаспен бағыттау



Картаны жергілікті белгілермен бағыттау

Жаттығу 5.3.1. Тапсырма: спортшы қозғалыс кезінде ауданды картамен салыстырады және маршрутты картаға түсіреді. Орындау әдістемесі: жаттықтырушы топты сызықтық және алаңдық бағдарлар бойымен жүргізеді (жаңадан бастаушылар үшін қарқын - бұл қалыпты қадам).

Тапсырманы қиындату:

- а) қозғалыс қарқынының артуы;
- б) бағыттың неғұрлым жиі өзгеруі, шағын

(100-300 м) азимутальды учаскелерді пайдалана отырып қозғалу.

Жаттығу 5.3.2. Тапсырма: таңбаланған трассада бағдарлаудың жаттығу қашықтығынан өту (спортшылардың шеберлік деңгейіне байланысты ұзындығы мен күрделілігі). Жаңадан бастаушылар үшін сіз жүрер жолды картаға түсіруіңізге болады және әр БП үшін бірнеше нұсқаны ұсына аласыз.

Жаттығу 5.3.3. Тапсырма: картада сызылған сызықты дәл орындау арқылы барлық БП-н тауып, олардың орналасқан жерін картаға салыңыз.

Орындау әдістемесі: басында қатысушыларға түрлі бағдарлар арқылы өтетін сызық салынған карта беріледі. Спортшыларға БП-нің орналасқан жері мен саны белгісіз болады.

Пункттер арасындағы жердегі бағыт ешқандай түрде белгіленбейді. Нәтиже таңбаланған жолдағыдай анықталады.

5.4. Қашықтықты бақылау

Қашықтықты бақылау және өлшеу - сіздің орналасқан жеріңізді анықтаудың бір әдісі. Спорттық бағдарлауда жердегі қашықтықты бақылаудың бірнеше әдісі бар: қадамдар жұбын санау, бағдарлар бойынша, көзбен өлшеу, сезім бойынша, қозғалыс уақыты бойынша. Қазіргі заманғы бағдарлаудағы соңғы әдіс карталардың жеткілікті қанықтылығы мен дәлдігіне байланысты қолданылмайды.

Жұп қадамдарды санау өте қиын, бірақ өте сенімді және дәл әдіс. Қашықтықты қадамдармен бақылау үшін әр түрлі жерлерде жүру және жүгіру кезінде 100 метрге қанша жұп қадам сәйкес келетінін білу керек. Бұл ретте кедергілерді бұғу және еңсеру кезінде қозғалыс бағытына қарай жасалған қадамдар ескерілмейді. Жұптардың саны бір, мысалы, сол аяқ қадамын ғана есептеу арқылы жасалады. Қадамдар жұбының есебін игерудің басында (және әр маусымның басында) орташа мәнді ала отырып, қадамдар жұбының санын бірнеше рет, мүмкін әр түрлі топырақ, трафик және рельефі бар бақылау сегменттерінде тексеру қажет. Сондай-ақ, компастағы сызғышты немесе масштабты ескере отырып, картадан қажетті қашықтықты оқи білу керек.

Жұп қадам есептеу тәсілі спортшы назары мен жадын жүктеп, карта мен жергілікті жер бетін сәйкестендіруде алаңдаушылық тудырады. Сонымен қатар, есеп бұзылған кезде бағдарды жоғалту қаупі бар. Сондықтан, бағдарлау кезінде қадамдар есебі негізінен нашар бағдарларда

немесе тым қаныққан жерлерде, сондай-ақ нашар көріністерде қолданылады. Қадамдармен басқарылатын сегменттердің ұзындығы әдетте 50-200 метрді құрайды.

Бағдарлар бойынша қашықтықты бақылау әдісі осы кемшіліктерден босатылады және дәл, қаныққан, жақсы сызылған карталармен жүруде аз уақытты қажет етеді. Сонымен қатар, ол картаның нақтылығымен сәйкес келетін үлкен дәлдікке ие. Алайда, қашықтықты тек бағдарлар бойынша бақылау кезінде кез-келген бағдарды байқамай қалу арқылы артық қашықтықты жүгірудің нақты қаупі бар. Мұндай қателік параллель жағдайға түсу мүмкіндігімен күрделене түсуі ықтимал, яғни бір-біріне ұқсас екі бағдарды шатастыруы мүмкін.

Көз әдісі объектілердің өзара орналасуы мен өлшемдерін бағалауға мүмкіндік береді. Бұлшық ет пен көру сезімдерін қолдану оларды жадта сақталған стандартпен салыстыруға негізделген. Сонымен қатар, олар белгілі стандарттың ұзындығын ақылмен ұсынады (мысалы, жүз метрлік жүгіру жолы) және бағаланатын қашықтықпен салыстырылады. Сонымен қатар, жедел жадта сақталған стандарттарды қолдануға болады, яғни жаңадан алынған. Бұл белгілі ережеге сәйкес жасалады: «тағы да көп (жарты жүз және т.б.)». Біз «сонша» эталонның екі бағдар арасындағы жердің жаңа ғана жүріп өткен учаскесінің сезімдерінен аламыз, ол картаның масштабына қайта есептеуді талап етпейді. Көзбен өлшей отырып, картадағы осындай стандарттың ұзындығын келесі өлшеу сегментінің ұзындығымен салыстыра отырып, біз өткен қашықтықтың қай бөлігін әлі өту керектігін анықтаймыз.

Қашықтықты көзбен өлшей отырып, келесі құбылыстарды ескеру қажет:

- жарықтандырылған белгілер жақынырақ көрінеді, ал қараңғыланған белгілер сәйкесінше алысырақ;

- төменнен жоғары қараған кезде заттар үлкенірек және керісінше көрінеді;

Тәжірибелі бағдаршылар жаттығулар мен жарыстар кезінде дамыған қашықтық сезімін пайдаланады. Қашықтық сезімі спортшының визуалды және бұлшықет сезімдерінің үйлесіміне негізделген және қашықтықты өлшеу кезінде қолданылады, бірақ бәрі бірдей емес. Айта кету керек, қашықтық сезімін тәрбиелеу тек қашықтықты бақылау үшін ғана емес, сонымен қатар кеңістіктік ойлауды дамыту үшін

де қажет, сондықтан әрбір бағдаршы өткен қашықтықты субъективті анықтауға үйретуі керек.

Бір уақытта бақылаудың екі әдісінің үйлесуі бағдарлау сенімділігін едәуір арттырады. Бағдарлар бойынша бақылаудың үйлесіміндегі қашықтық сезімі жылдамдықты жоғалтпай дәлдік пен сенімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Операциялық стандарттарды пайдалану бақылаудың жылдамдығы мен сенімділігін едәуір арттырады. Егер сізге түсініксіз нүктеге жоғары дәлдік керек болса, жұп қадамдарды санау қажет.

Жаттығу 5.4.1. Сызылмаған қағазға әр түрлі бұрыштарда 2-ден 50 мм-ге дейінгі еркін ұзындықтың бірнеше сегменттері қолданылады. Спортшы кез-келген өлшеу құралдарынсыз сегменттің ұзындығын анықтайды және нәтижесін жазады. Қатысушының нәтижесі жұмсалған уақыт пен айыппұл бойынша анықталады (әрбір миллиметр қате үшін айыппұл уақытының бір минуты есептеледі).

Жаттығу 5.4.2. Қатысушыға сызылмаған қағаз парағы беріледі, онда бірнеше тік және көлденең сызықтар және кесінділердің көрсетілген ұзындықтары бар карточка салынған.

Тапсырма: карточкада көрсетілген сегменттерді штрихтап сызып тастаңыз. Нәтиже 5.4.1 жаттығуындағыдай анықталады.

Жаттығу 5.4.3. Мектептің немесе стадионның ең жақсы жоспарына конкурс өткізіледі. Өлшеу арқан немесе жұп қадамдар арқылы жүзеге асырылады. Жоспар бірнеше масштабта жасалуы керек 1:500, 1:5 000, 1:10 000.

Жаттығу 5.4.4. Қатысушыға БП нүктелері салынған, нөмірленген, бірақ қосылмаған карта беріледі. Нүктелерді түзу сызықтармен байланыстырмай, жергілікті жердегі кез-келген екі нүкте арасындағы қашықтықты көзбен анықтау керек.

Жаттығу 5.4.5. Топ жаттықтырушымен бірге жолда, алаңда немесе орманда жүгіреді. Белгілі бір нүктелерде (бағдарлардың жанында) жаттықтырушы көзге көрінетін басқа бағыттарға дейінгі қашықтықты мұқият анықтауды сұрайды. Осыдан кейін қашықтық жұп қадамдармен анықталады және карта бойынша өлшеу арқылы тексеріледі (карта тек жаттықтырушы да бар). Метрмен көрсетілген қателіктердің ең аз мөлшерін алған спортшы жеңімпаз атанады.

5.5. Компасты қолдану және бағытты бақылау


Компассыз бағытты бақылау әдістері бар екеніне қарамастан, қашықтықты қатесіз сәтті өту, БП іздеу мүмкін емес, демек, компаспен жұмыс істей алмай бағдарлау жарыстарында жоғары жетістікке жету мүмкін емес. Компасты қолдану техникасы неғұрлым жоғары болса, қозғалыс бағыты дәлірек болады.

Компасты немесе басқа әдістерді қолдана отырып бағытты анықтау және бақылау келесі мәселелерді шешу үшін қолданылады:



- картаны бағдарлау
- бағыт бойынша қозғалыс
- азимут бойынша қозғалыс

Компасты қолданған кезде келесі ережелерді сақтау керек: компасты көлденең ұстау керек (осы позицияда тілше оңтүстік-солтүстік бағытын дәл көрсетеді); компас темір және магнитті заттарға жақын болмауы керек (түйреуіштер, кілттер және т.б.), суықта компас колбасында сұйықтықтың қысылуына байланысты көпіршік пайда болады, егер ол жылы жерде жоғалмаса, - демек, компас колбасында ақау бар сондықтан көпіршік үлкейіп, тілшенің тұрақтылығы мен дәлдігін төмендетеді. Ұзақ уақыт сақтау және магнит өрістеріне әсер ету кезінде компас көрсеткіші магниттеледі.

Бағытты бақылаудың тағы да бір әдісі жергілікті белгілерге қарап анықтау. Олардың ішінде де қарапайымы да, талас тудыратыны да бар. Тұсбағдарсыз бағыт анықтау тәсілдеріне тоқталсақ:



- Темірқазық жұлдызына қарап;
 - Күн және сағат бойынша;
 - Табынушылық құрылыстары бойынша.
- Мысалы, Православ шіркеуінің алтарғы және часовнясы шығысқа, қоныраулары батысқа бағытталған. Күмбездегі кресттің белағашы солтүстікке көтеріңкі, оңтүстікке төменге бағытталады. Католик шіркеуінің алтарғы батысқа қарайды;



- Теректерге, қыналарға, түбірлерге қарап шамалай анықтауға болады. Дегенмен біреуіне қарап қана қоймай, бірнешеуін салыстыру керек. (мысалы, қайың ағашының түбірі солтүстік жағында күңгірттеу және қалыңдау болып келеді. Ыстық ауа райы кезінде оңтүстік жағында көбірек шайыр бөлінеді).





• Топырақтың оңтүстік жақ беті құрғақтау болып келеді және ондағы қар ертерек ери бастайды.

• Басқа да халықтық ырымдар

Картаны бағдарлау - бағдарлау техникасының ең көп қолданылатын әдісі. Спорттық бағдарлау техникасын «ұштауды» осыдан бастаған дұрыс. Картаны компас, күн, бағдарлар, бағыт сезімі арқылы бағыттауға болады.

Бағдарлау кезінде компасты картаның шетіне жақын орналастырған ыңғайлы. Алдымен компас солтүстік-оңтүстік бағытын анықтайды, содан кейін картаның магниттік меридианының бағыты онымен сәйкестендіріледі. Жиі қателікке жол бермеу үшін картаның солтүстік бөлігінің оңтүстікпен шатаспауын қарау керек (көбінесе бүгілген картада). Сонымен қатар «солтүстік-оңтүстік» бағдарды белгілер мен жазулардың дұрыс орналасуына (шағын ойықтар, мұнаралар, астаушалар, жақтаулық рәсімдеу мәтіні және т.б.) немесе картаның бағдарын бақылаудың басқа тәсілдеріне назар аудару ұсынылады.

Картаны тұспалдарға қарап бағдарлау компасқа қарағанда тезірек жүреді, бірақ ол аса дәлдікпен көрсетпейді. Картаны сызықтық нысандарға (соқпақтар, жолдар және т.б.) бағыттау оңай, олардың бағытын картадағы бағытпен бірге басқа бағыттармен салыстырады. Картаны тек нүктелі немесе шағын аландық бағдарлардың жиынтығы бойынша бағдарлау біршама қиын. Бұл әдетте тоқтатуды қажет етеді. Картаның күн қозғалысы дәлдігі көлеңке бағыты мен магниттік меридианның күннің қозғалысын ескере отырып сағатына шамамен 15 градус арасындағы бұрышты білуге болады.

Бағыт сезімі бойынша картаны бағдарлау сізге қозғалыс кезінде әр бұрылысты ескере отырып, шамамен бағдарды сақтауға мүмкіндік береді. Сондықтан дәл бағдарлауға көшу кезінде

басқа әдістер арқылы түзетулер енгізу қажет.

Картаны бағдарлау әдістерінің кез келгенінде бағдарды барлық бұрылыстарда сақтау керек, бұл ретте түзетулер енгізу картаны «нөлден» бағдарлауға қарағанда әлдеқайда жылдам болады. Ең бастысы дұрыс бағдарланған карта оқуға дайын екенін көрсетеді.

Бағыт бойынша қозғалыс - өрескел бағдарлау әдісі - бағдарға тез жету керек болған кезде және жол бойында пайдалану мүмкін болмаған кезде қолданылады. Бағыт бағдарланған карта бойынша алынады. Картада бастапқы нүкте мен мақсатты байланыстыратын сызық жергілікті жерде ойша жалғасады.

Қозғалыс бағыты мен сызықтық тұспалдардың бағыты бойынша (мысалы, жолға перпендикуляр, соқпақтардың қиылысу биссектрисасы бойынша, контурдың жалғасы бойынша және т.б.) бағытты анықтауға және бақылауға ұстап отыруға болады.

Бағытты сақтау үшін көзге көрінетін жерлерді (мысалы, басқалардан ерекшеленетін ағаш) бекіту ұсынылады. Қозғалыс кезінде назар аудармау және алынған бағыттан адаспау үшін басқаларына назарыңызды мүмкіндігінше аз бөлген жөн. Әдетте, бағытта жүгірудің соңғы мақсатын өткізіп алмау қаупін болдырмау үшін қашықтықты бақылау әртүрлі тәсілдермен қолданылады.

Азимут бойынша қозғалыс - дәл бағдарлауды қабылдау және оның дәлдігі карта жасаудың дәлдігіне жақын болуы керек. Азимут қысқа ұзындықтағы түсініксіз жерлерге шығу кезінде қолданылады.

Азимуттар. Қозғалыс кезінде таңдалған бағытты ұстап отыру үшін немесе объектілердің орналасу орнын анықтау үшін азимутын өлшейді.

Азимут – бұл «солтүстік» бағыт пен «объектіге» бағыт арасындағы бұрыш. Ол градуспен өлшенеді. Сонымен қатар бұл магниттік меридиан мен бастапқы және соңғы нүктелерін байланыстыратын сызық арасындағы бұрыш деп қарастыруға болады.

Географиялық және магниттік (компас нұсқамасы көрсететін) меридиандар сәйкес келмейтіні бәрімізге аян. Сондай - ақ картада тік бұрышты тормен суреттелетін Гаусс - Крюгер меридиан осі аймағымен де сәйкес келмейді.

«Солтүстікке» бағыттың бірнеше болуымен байланысты, азимуттар да әр- түрлі болады.

• шын азимут – солтүстік бағыт меридианы мен объект бағытына сағат тілі бағыты бойын-



ша өлшенетін көлбеу бұрыш. (Карта бойынша транспортирмен өлшеуге болады)

- магнитті азимут – солтүстік бағыт меридианы мен объект бағытына сағат тілі бағыты бойынша өлшенетін көлбеу бұрыш. Жергілікті жерде тұсбағдармен өлшенеді.

- Дирекциялық бұрыш – вертикальды тордағы солтүстік бағыт пен объекті бағыты арасындағы бұрыш. Картадан транспортир көмегімен өлшеуге болады.

Солтүстік бағыттағы шын және магнитті меридиандар арасындағы бұрыш магниттік септік деп аталады. Шығыс септік (+ белгісімен) – Егер магнит тілі шын меридианнан шығысқа ауытқыса, егер тіл батысқа ауытқыса батыс септік (- белгісімен). Солтүстік бағыттың шын меридианы және координата торының вертикальды сызығы арасындағы бұрыш меридиандардың таялуы деп аталады.

Азимут үш әдісте қабылданады (соңғы екеуінің реттілігін өзгертуге болады):

- 1) компасты картаға салыңыз, оның бүйір жиегі қозғалыстың бастапқы және соңғы нүктелерін байланыстырады және бекітеді (қысып ұстау);

- 2) картаны бағдарлау, бұл ретте компастың бүйір жағы қозғалыс бағытын көрсететін нысаналық сызық болады;

- 3) азимуттың бағыты колбаның түбіндегі солтүстік-оңтүстік сызығын бағдарланған картаның магниттік меридиан сызықтарымен сәйкестендіргенге дейін компас колбасын бұрумен

бекітіледі (егер соңғы операцияны жүргізбесе, онда барлығы бағыт бойынша қарапайым қозғалысқа келтіріледі).

«Саусақ» компасын қолданған кезде азимут біршама қарапайым қабылданады. Бастапқы және соңғы нүктелерді компастың визуалды осімен қосу арқылы; компасқа басылған карта жай ғана бағытталған; егер картаның магниттік меридианы компастан алыс болса, компас колбасын бұру қажет. Бір қолдағы карта мен компас бағытты басқару ыңғайлылығы мен картаны оқуды біріктіруге қосымша мүмкіндік береді.

Бағдарлаушылар пластинаның бағытын (визуалды ось) жалғастыра отырып, көзге көрінетін бағытты таңдап, компасты өз алдына ұстап, сол бағытта қозғалады. Таңдалған бағдарға жеткен соң, жаңасы сол бағытта белгіленеді. Тығыз орманда бағыт компас тақтасының тұрақты орнын сақтай отырып, колба түбіндегі жебелер мен сызықтардың параллелизмі бойынша бақыланады.

Жаттығу 5.5.1. Қатысушылар азимутты көрінетін жерлерде анықтауы керек. Жаттығу төбеде немесе ашық жерде жақсы орындалады. Жаттықтырушы бірнеше нұсқауларды ағайды, қатысушыларға әрқайсысы үшін азимутты (градуспен) анықтауды ұсынады. Жазылған өлшеу нәтижелері карта бойынша тексеріледі.

Жаттығу 5.5.2. сөреден 50-200 метр қашықтықта паролмен белгіленген бақылау пункттері радиалды түрде орнатылады. Стартта қатысушыларға БП нөмірлері, азимуттар мен қашықтықтар көрсетілген карточка беріледі. Әрбір БП-н алғаннан кейін қатысушы бастапқы нүктесіне қайтарылады. Тапсырманы ең жылдам орындаған адам жеңеді. Бұл жаттығуды қатысушыларды бірнеше командаға бөліп, эстафета түрінде өткізуге болады.

Жаттығу 5.5.3. «Ақ карта». Жаттықтырушы картада берілген бағытта әдеттегі қашықтықты жоспарлайды (БП арасындағы қашықтық 100-300 м). Содан кейін БП, старт және мәре, магнитті меридиандар таза қағазға ауыстырылады және спортшылардың саны бойынша көбейтіледі. Қатысушы осы «Ақ карта» бойынша азимуттың көмегімен барлық қашықтықты өтуі тиіс.

Жаттығу 5.5.4. Жаттықтырушы қашықтықты белгіленген бағыт бойынша қояды. Осыдан кейін, картадағы БП арасындағы әр аралықтың көп бөлігі «кесіліп» тасталады (картада белгілер өшіріліп, тек қозғалыс бағыты ғана қалады). Спортшы қашықтықты картада өшірілген (кесілген) аудандарда бағыт бойынша жүріп өтуі тиіс.



Табиғат ғажайыптарына саяхат



КАЙРЛИЕВА Қ.Ж.
ОБЖТЖЭО-ның ҚБП-і,
«Мұрагер» музейтану
үйірмесінің жетекшісі, Орал қ., БҚО

Аңдатпа

Сабақ жоспары оқушылардың жас ерекшелігіне орай мөлтекфильм желісінде құрылған. Сабақты жинақты, ұтымды ұйымдастыру үшін бағдарлау картасы жасалып, картада көрсетілген бағыттар бойынша кедергілерді әдіс-тәсілдері жеңу арқылы қызығушылықтары арттырылды. Музейде өткізілген сабақта үйірме оқушыларының экскурсия жасауды меңгеруі, өзін ұстауы, өз көзқарасын жеткізуі бағаланды. Сабақ қосымша білім беру саласында жұмыстанатын педагогтарға пайдалануға тиімді.

Аннотация

План занятия составлен в форме мультфильма. Учитывая возрастные особенности учащихся была разработана карта-ориентир. За счет преодоления препятствий, обозначенных на карте повышается интерес учащихся к занятию. Во время занятия в музее учащиеся оценили умение вести экскурсию, держать себя, выразить свою точку зрения. Занятие предназначено педагогам, работающим в сфере дополнительного образования.

Кілт сөздері: Табиғат ғажайыптарына саяхат, «Қазбалы жануарлар сүйектері», «Орман», «Жайық өзені», «Көл» экспозициясы, Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы, «Ақылдың б қалпағы» әдісі.

Сабақтың мақсаты: оқушылардың өлке табиғатына деген сүйіспеншілігін арттыру, өлкенің жан-жануарлар әлемінің тарихын тану және оларды қорғау арқылы экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- музей экспонаттары мен қорларын балалардың дамуы үшін пайдалану;
- оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдесу;
- туған өлкенің табиғатын қорғау және насихаттау;
- белсенді экскурсиялық-бұқаралық жұмыс жүргізу.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: топтастыру, әңгіме, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Сабақтың түрі: саяхат сабақ

Көрнекіліктер: Карта, бейне материалдар, сұрақтар, құстар дауысы, түрлі - түсті қалпақтар.

Сабақтың барысы:

I бөлімі. Ұйымдастыру кезеңі:

- Салеметсіздер ме балалар, сабаққа қатысушы ұстаздар, музей мамандары! Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Табиғат ғажайыптарына саяхат». Сабағымыз қала-мыздағы ең қызықты музейінің бірі - «Табиғат және экология» музейінде өткелі отыр. Музей 1990 жылдан бастап Театрның көшесінде, ал 1996 жылдан бастап Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 151/2 орналасқан. Музейде үш зал бар. Бірінші залда өлкенің зерттеуші-ғалымдарының жетістіктері, өлкенің ежелгі жануарларының пайдалы қазбалары мен сүйектері көрсетілген. Музейдің ең қызықты экспонаттары-жойылып кеткен жануарлардың сүйектері-азу, омыртқа, мамонттың моляры. Екінші залда өлкенің жәндіктері қойылған, олардың Солтүстік Каспий маңы аумағында 30-40 мың түрі, "дала"

диорамасы бар, онда жануарлар: суыр, шақалақ, Дала қыраны, ақбөкен бейнеленген. Үшінші залда "Орман" диорамасы бар. Біздің ормандарымыздағы ең ірі жануарлар-бұлан, елік, борсық, сілеусін, түлкі. Музей экспозициясында Белуга, бекіре, стерлет, бекіре, сазан, шортан, көксерке ұсынылған. Экспозиция Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы қойылған бөліммен аяқталады. Бұған дейін өлкеміздің жануарлар әлемімен бірнеше рет таныстық. Бүгін сол музейге өзіміз экскурсия жасамақпыз. Біз бұл сабақты саяхатшы Дараның картасымен саяхат жасау арқылы өткіземіз:

1) «Табиғат ғажайыптарына саяхат» саяхаты. Музейдің бағдарлау картасы арқылы саяхат жасайды. Ол үшін картаға бекеттер салынып, түрлі түстермен белгіленеді. «Миға шабуыл» әдісі арқылы сұрақтарға жауап беріп, сабаққа ынтасын, зейінін аудару көзделеді. Қандай сұрақ түсін алғандар, сондай картадағы экспозицияны тауып алады. Стикерлердің түсіне қарай топқа бөлінген балалар экскурсия жасайды.

Мақсаты: жағымды атмосфералық ахуал орнату, топқа бөлу.

Саяхатшы Дараның картасында кедергілер болады. Оқушылар сол кедергілер арқылы өткен сабақтарды еске түсіреді.

Бірінші кедергі: жасырылған көмбені табу (онда төмендегі сұрақтар тұрады)

1) «Палеонтолог» (қоңыр түсті)
- Палеонтология нені зерттейді?

Жауабы: Палеонтология – жойылып кеткен

өсімдіктер мен жануарлар және олардың тарихи даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

- Дүние жүзілік жер күні қай күні аталып өтіледі?

Жауабы: 22 сәуір, 1972 жылы АҚШ ресми мереке ретінде аталып өткен, ал 1994 жылдан бері аталып өтіледі.

2) «Энтомолог» экспозициясы

- Энтомология нені зерттейді?

Жауабы: Энтомология – жәндіктерді зерттейтін ғылым, жер бетінде, топырақ арасында, суда, ауада таралған жәндіктердің тіршілігін зерттейді;

- Көктемде, жаздың алғашқы айында неге орманда шулауға, қатты музыка қосуға, алау жағуға болмайды?

Себебі: Айқай, түтін иісі орман тұрғындарын шошытып, құстар мен аңдардың жып-жылы ұяларын тастауына себеп болады.

3) «Үздік зоолог» экспозициясы

- Зоология нені зерттейді?

Жауабы: Зоология – жануарлар организмдерінің құрылысын, қалыптасуы мен дамуын Жер бетінде таралуын зерттейді.


- Музей дегеніміз не?

Жауабы: Музей – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі мұраларды сақтап, жинақтап, ғылымтанымдық қызмет атқаратын мекеме.

4) «Орнитолог» экспозициясы

- Орнитология нені зерттейді? (Жауабы: құстар әлемін зерттейді);

Жауабы: Орнитология – зоологияның құстар,



олардың жүйеленімі, жекеше және тарихи дамуы, физиологиясы, экологиясы, жер бетіне таралуын зерттейтін саласы.

- Ормандағы қуыс, қураған ағаштарды кесіп тастаса, орман неге өліп қалады?

Себебі: онда орманды құртатын қауіпті жәндіктермен қоректенетін қураған ағаш қуысына ұя салатын құстар, жарқанаттар өмір сүреді.

5) «Ихтиолог» экспозициясы

- Ихтиология нені зерттейді?

Жауабы: Ихтиология - балықтар мен дөңгелек ауыздыларды зерттейді.

- Жер туралы қандай қызықты деректер білесіңдер?

Жауабы: Жер шеңбер тәрізді емес. Ол сопақша келген. Жер бетінің 72 пайызын су алып жатыр. Жердің жалғыз серігі – Ай.

II. Негізгі бөлім. Картадан өз экспозициясын тапқан оқушылар экскурсия жасайды. Экскурсия жасаушылар бірге жүреді.

I зал - «Қазбалы жануарлар сүйектері» экспозициясы

Зерттеуші-ғалымдардың қазба жұмыстарының нәтижесінде осы жануарлардың сүйектері табылып, олардың жасы анықталып, суреттері салынды. 300 мың жыл бұрын Батыс Қазақстан облысының аумағында мекендеген мамонт, пілдің 3 түрі, мүйізтұмсықтың 2 түрі, жабайы өгіз түрі, алып мүйізді бұғы, киік, жолбарыс, үңгір аюы т.б. жоғарыда айтып өткен жануарлар мекендеген. Оған дәлел мына Сіздер көріп отырған сол заманда өмір сүрген жануардың сүйектері.

II зал - өлке құстары, омыртқасыздар және

«Дала» экспозициясы көрермен назарына ұсынылған. Омыртқасыз жануарлардан буынаяқтылар өте көп, оның ішінде бунақтыденелілер 265 000-ға жуық басым. Бұл топтын ішінде қоңыздардың (25 000) көбі ауыл және орман шаруашылық зиянкестері (жапырақ жегіш қоңыздар, біз тұмсық қоңыздар). Кейбір түрлері пайдалы – қан қызы, барылдауық қоңыздар. Көбелектердің 400-ге жақын түрі белгілі, олардың ішінде көгілдір көбелектер, нимфалидтер, мүр және қоңыр көбелектер кең тараған. Қосқанаттылардың 150-200 түрі кездеседі (масалар, шыбындар және бөгелектер). Турақанаттылар ішінде шегірткелер, шек-шектер; жарғақ-қанаттылардан соналар, аралар, шаншарлар облысқа тән қалыпты формалар.

Облыста кездесетін құстардың 27 түрі кішігірім топтары немесе жеке ұшып кіріп тұратын құстар, 41 түрі маусымдық ұшып өтетіндер, 26 түрдің өкілдері жазғы мезгілде байқалған ұяламайтын құстар, 24 түр қыстайтын құстарға жатады. 191 түр құстар ұялап, көбісі күзде ұшып кетеді, соның 38 түрі қыстайды, ал 23 түрі тұрақты қыстайтындар. Батыс Қазақстан облысы территориясымен жылдың төрт маусымына өздерінің тіршілік тағдырын байланыстырып жүрген 300-ден астам құстарымыздың «Қызыл Кітап» тұғырына ілінгендері де бар.

Екінші залда өлке құстарының тұлыптары – кәдімгі суықторғай, қара мойын сұқсыр, алакөз сүңгуір, кәдімгі құралай, ементұмсық, таукұдырет, қара сайрақ, индиялық қараторғай, шөпілдек, жасыл аражегіш, сыр шақшақай,





алаторғай. Жануарлар тұлыптары – сасық күзен, ақкіс, сілеусін.

Екінші кедергі: «Бұл қандай құстың дауысы?» ойыны. Көзімізді жұмып құстардың дыбысын тындап, ажыратайық!

III зал – «Орман» экспозициясы, «Жайық өзені» экспозициясы, «Көл» экспозициясы мен Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы бөлімі қамтылған.

«Орман» экспозициясы. Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры негізінен Жайық және Ілек өзені жағалауларында, Шыңғырлау ауданының сайларында, Орда ауданының барханаралық ойпаттарда және жасанды жолмен авто жолдары бойында, құмдарда егілген ормандар мен т.б. құрайды. Мемлекеттік орман қорының барлық аланы бірінші санаттағы ормандарға жатады. Ағаш саңылауларында қараторғай, тоқылдақ, көкек және басқа да құстар ұялайды. Биік ормандардың барлық жерлерінде көптеп жаурауық, мысықторғай ұялайды. Бак сұлукеші әдетте, орман шетінде шоғарланған бір топ ағаштарында кездеседі. Облыстың оңтүстігінде тағандар топтары өмір сүреді.

«Көл» экспозициясы. Ең ірі көл бұл Орал қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 70 шақырым жерде орналасқан Шалқар көлі. Көл көлемі 191 кв.км. Сонымен қатар Қамыс-Самар көлдер жүйесі қызықты, олардың арасында ең ірілері - Жоғарғы, Сарыбулақ, Старицкое және т.б. Көл суларында көптеп үйректер, қаздар, қарқылдақтар ұя салады. Қалын қамыс арасында

жабайы шошқалар мекендейді.

«Жайық өзені» экспозициясы. БҚО сулары өзендер, көлдер мен су қоймаларымен берілген. Олардың көбісі жауын және еріген қардың сайларға ағып жиналуынан пайда болған. Облыс аумағында 200 шамасында үлкен және кіші өзендер бар, олардың жалпы ұзындығы Жайық өзені есепке алмағанда 5100 км құрайды. Облыстың ең ірі өзені – Жайық, ол өз бастауын Орал тауларынан алып Каспий теңізіне құяды. Жалпы ұзындығы 2534 км, облыс бойынша 500 км.

Облыс балықтары республиканың ихтиофаунасының жартысын құрайды. Облыс суларында әр түрлі балықтар кездеседі, бұл – сазан, шортан, көксерке, бекіре балықтар тобы және т.б.

Үшінші кедергі: «Қызыл кітап» туралы кім өлең біледі?

Қ.Мырзалиевтың «Қызыл кітап» поэмасынан үзінді:

*...Мына қыры қазақтың,
Ана қыры
Қызыл қырман бүгінде,
Қала бірі.
Қайда кетті,
Кім маған айтады енді
Атыраудың құланы —
Онағры?!
Жер айтады осылай,
Күн айтады,
Күн айтады,*

Көңілді мұңайтады.
Ақтөбеде бір кезде піл болғанын
Кім біледі бүгінде?
Кім айтады?!
Айла көп-ті адамда,
Айла көп-ті.
Айласына талайды айғақ етті.
Қылыш тісті жолбарыс —
Жерлес біздің
Айтыңдаршы, ағайын,
Қайда кетті?!
Жатыр дейсің жаратқан кімді ескеріп.
Құртты ма әлде өзара күндес бөрі?!
Ажары еді Даланың,
Қайда кетті,
Қайда кетті қазақы жүндес керік?!
Іздеймін мен әр бұта,
Әр талымды.
Момынымды,
Тентегім,
Арқалымды.
Кім қайырып береді кваганы?
Кім қайырып береді тарпаңымды?!
Нысанаға мықтап бір ілінгенге
Тіршілік жоқ...
Дүние бүлінген бе?!
Құмырсқалар құрыса,
Оның орнын
Толтыруға болмайды піліңмен де!
Қуанышын,
Қайғысын,

Мұңын көріп,
Жылжып жатыр осылай күн ілгері.
Мамонт қана емес қой
Опат болған
Жетіп жатыр мамонттың інілері!
Жарқырап-ақ тұрғанда көктем нұры,
Қасірет пен қайғының жеткен бірі.
Хайуанаттар ғана ма зәбір көрген,
Хайуанаттар ғана ма кеткен құрып?!
Жоқ боп кетті
Әдемі теке мүйіз,
Айғыр жалды көгілдір жылқы киік!
Қара жерді жылатып,
Еңіретіп
Кетті солай дронттың өмірі өтіп.
Екі ғасыр бұрын біз
Ең ақырғы
Су сиырды өлтірдік мәңіретіп.
Қызыл-жасыл,
Зер өңді,
Қалайы тұр
Тотылардың музейде талайы тұр.
Адамдардың алдында
Ақырғы рет
Ылқынды да
Көз жұмды жабайы тур.
Қызыл кітап —
Мезгілсіз кеткендердің
Бастарына қойылған қызыл шырақ!
Келеді кез,
Күрделі біздің бұл кез!





*Жаутаңдайды адамға түзде мың кез,
Қызыл кітап —
Опат боп кеткен аңның,
Бастарына қойылған қызыл күмбез.
Қашқан кезде адамнан
Ізін қандап,
Тау ешкісі өтеді құзыңды аңдап.
Қызыл кітап —
Тірі жан тимесін деп,
Хайуанатқа берілген қызыл мандат.
Баяғыдай көбінің халы бірақ —
Мойындарын үзеді әлі бұрап.*

*Қызыл кітап —
Бұл өзі қызық кітап:
Тысы жұқа,
Астары қалың*

Музей жетекшісіне сөз беру.

Төртінші кедергі: «Ақ аюдың тұлыбы» бейнеролик көру.

ІІІ. Қорытынды бөлімі «Алты ойшыл қалпақ» әдісі арқылы сабақты қорытындылау

Бесінші кедергі: «Нені білдік? Нені көрдік? Нені үйрендік?»

Қалпақтарды пайдалану ережелері:

1. Ойлау қалпағын киіп, біз сол қалпақ білдіретін рөлді иеленеміз.

2. Нақты түсті қалпақты шешіп, біз сол ойлау типінен бас тартамыз.

3. Қалпақты басқа қалпақпен ауыстыру кезінде ойлау әдісі ауысады. Бұл әдіс адамды ренжітпей, ойлау барысын ауыстырады. Біз айтылған ойларға қарсылық білдірмейміз, оларды ауыстыруды сұраймыз.

«Ақ қалпақ» Сабақтан не ұқтым? Жақсылық жағы қандай?

«Қызыл қалпақ» Сабақтан қандай ой келді?

«Жасыл қалпақ» Алған мәліметтерден қандай жаңа идея туындады?

«Сарғыш қалпақ» Сабақтың жағымды тұсы қандай болды? Артықшылығы?

«Қара қалпақ» Сабақтың жағымсыз кезеңдері?

«Көк қалпақ» барлық қалпақтың айтқанын қамтып сөйлейді.

Сабақ аяқталды, сау болыңыздар!





«Ұлағатты ұстаз тағылымы» музей сағаты



ҒАЙНЕДЕН Т.Ғ.
ОБЖТЖЭО-ның
«Балалар туризмі тарихы»
музейінің жетекшісі, ҚББП-і,
Орал қ., БҚО.

Аңдатпа

Бұл мақала балалар туризмінің патриоты, өлкетанушы, ұстаз болған Виктор Павлович Фоминнің туғанына 65 жыл толуына орай, өткізілген «Ұлағатты ұстаз тағылымы» атты музей сағатында өмір жолы мен еңбегіне тоқталған.

Аннотация

Эта статья посвящена 65-летию со дня рождения Виктора Павловича Фомина-краеведа, замечательного педагога, патриота детского туризма.

Кілт сөздері: педагогика ғылымдарының кандидаты, «Құнды экспонаттар», туристік кедергілер, Тау туризмі, Жаяу туризм, Велотуризм, Шаңғы туризмі.

Сабактың мақсаты: Оқушыларды өлкетанушы, турист В.П.Фоминнің өмір деректерімен және еңбек жолдарындағы жеткен жетістіктерімен таныстырып, ойлау қабілеттерін дамыту, білімдерін толықтырып, қызығушылықтарын арттыру арқылы топпен жұмыс жасауға баулу.


Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті оқушылар, қонақтар! Бүгін балалар туризмінің патриоты, өлкетанушы, ұстаз болған Виктор Павлович Фоминнің туғанына 65 жыл толуына орай, өткізіліп отырған «Ұлағатты ұстаз тағылымы» атты музей сағатына қош келдіңіздер!

Ұстаз еңбегі – өлшеусіз, баға жетпес құндылық. Әкім де, ғалым да, дарын да, ел басқарған басшы да ұстаздың алдында тәлім алған.

Бүгінгі сабақта шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, өмірдің қыр-сырын білуге баулыған ұстаз, турист, өлкетанушы, педагогика ғылымдарының кандидаты болған Виктор Павлович Фоминнің өмір жолымен, еңбегімен танысамыз.

Слайд Ұстаздың өмірбаянына тоқталатын болсақ, Виктор Павлович Фомин 1957 жылдың

12 сәуірінде РФ Тамбов облысы, Ушенский ауданында дүниеге келген. Бөрлі ауданы Успен орта мектебін аяқтағаннан кейін, А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың жаратылыстану – география факультетін бітірген. Ұстаз білім жолын 1979-1982 жылдары Бәйтерек ауданы (бұрынғы Зеленов ауд.) Үлкен Шаған орта мектебінде бастап, химия пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарды. Виктор Павлович – жоғары білікті маман, мақсатты басшы және ұйымдастырушы. Педагог 1986 жылдан 2019 жылға дейін Батыс Қазақстан облыстық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығында басшылық қызмет атқарды. Ұстаздың марапаттарына тоқталатын болсақ, 1990 жылы В. Фоминге «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» атағы берілді. 1997 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады. 1997 жылы – Халықаралық балалар жасөспірімдер туризмі және өлкетану академиясының академигі (келесіде –ХБЖТЖӨА) атанды. 2010 жылы ХБЖТЖӨА вице - президенті, 2005 жылы «Ы.Алтынсарин» атындағы, 2010 жылы Т.Жездібаев атындағы және «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына»,



«Остапец Свешников атындағы ҚР Құрметті туризм қызметкері», ҚР туризм саласына сіңірген еңбегі үшін «Құрметті білім қызметкері» төс белгілермен марапатталған.

Жүргізуші: Балалар туризмінің патриоты, өлкетанушы, ұстаз болған Виктор Павлович Фоминді өмір жолындағы қолданылған құнды заттары және әдістемелік кітаптары осы орталықта кітапханда тағы да басқа әдістемелік бөлімдерде орналасқан. Сондықтан сіздерге «Құнды экспонаттар» квест ойынын ұйымдастыру арқылы музей қорына жинақтауымыз кажет. «Құнды экспонаттар» квест ойыны 8 бақылау бекетінен (ББ) тұрады, әр топ сызба бойынша 4 ББ-гі сұрақтарға жауап береді (карта 1) (карта 2). Оқушылар екі топқа бөлінеміз, қолдарымызға карталарымызды алып, құнды экспонаттарымызды жинақтауға кірісейік, ал ойынымыз басталды.

1) «Өлкетану» тобы жасыл түсті карта (3 сынып)

2) «Туризм» тобы көк түсті карта (5 сынып)

Карта 1

Карта 2

Бақылау бекетінің сұрақ жауаптары.

1 топ - «Өлкетану» тобы

ББ№1

1. Виктор Павлович Фомин ол кім? (турист, өлкетанушы, ұстаз, академик)

2. Виктор Павлович Фомин дүниеге келген уақыты? (1957 жылы 12 сәуір)

3. Еңбек жолын қай мектептен бастаған? (Үлкен Шаған мектебі)

ББ№2

1. «Өмір баспақтары» кітабы қай жылы жарық көрді? (2017 жылы)

2. Виктор Павлович Фоминнің мамандығы қандай? (Биология – химия пәндерінің мұғалімі)

3. Виктор Павлович Фоминге Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі атағы қашан берілді? (1990 жыл)

ББ №3

1. Орталықтың неше туристік сауықтыру базалары бар? («Евразия» ТСК, «Самал» ТЛ)

2. Виктор Павлович Фомин қай жылы Халықаралық Балалар-Жасөспірімдер туризмі және өлкетану Академиясының академигі атанды? (1999 ж)

3. Туризм бөлімінің меңгерушісі, Виктор Павловичтің шәкірті кім? (Неталиева Камшат Едресовна)


ББ №4

1. Виктор Павлович Фомин қай жылы диссертация қорғады? (1997 ж)

2. Виктор Павлович Фомин ескерткіші қай жылы орталыққа орнатылды? (2021 жылы 10 қазан)

3. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығын қанша жыл басқарды? (33 жыл)

2 топ - «Туризм» тобы



ББ№1

1. В.П.Фоминнің «БҚО туристік-өлкетану қызметінің әдістемесі» кітабы қай жылы шықты? (2019 жылы)
2. 2017 жылы В.П.Фоминнің өмірі мен шығармашылығына арнап қандай кітап жарық көрді? («Өмір баспалдақтары»)
3. Кітапханадағы В.П.Фоминнің кітаптарының саны қанша? (11 дана)

ББ №2

1. Ең алғашқы «Жайық-Урал» экспедициясы қашан басталды? (1989 ж)
2. «Халықаралық Ең жақсы практикалық тәжірибе» номинациясы бойынша Жайық-Урал экспедициясы қай жылы, қайда болды? (1988 ж, Дубайда)
3. Табылған ихтиозаврдың ресми аты? (Казахстанская Субботини)

ББ №3

1. В.Фоминнің қолдауымен облыста қанша туризм орталықтары мен станциялар құрылды? (13)
2. ОБЖТжЭО-ның туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі қандай шаралар ұйымдастырады? (Туристік кедергілер, Тау туризмі, Жаяу туризм, Велотуризм, Шаңғы туризмі)
3. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығын қазіргі таңда кім басқарады? (Бекқалиев Ғалым Ибатоллаұлы)

ББ №4

1. В.Фомин ОБЖТжЭО-ны 33 жыл басқарған уақыт ішінде оқушыларды үйірмеге тарту қаншаға артты? (500-ден 1000-ға дейін артты)

2. Виктор Павловичтің қолдауымен «Әр білім беру мекемесінде музей!» акциясы негізінде облыс бойынша қанша музей ашылып, паспортталған? (169 мектеп музейі ашылып, соның ішінде 138-і паспортталған)

3. Виктор Павлович Фомин қандай төс белгілерімен марапатталған? («Ыбырай Алтынсарин атындағы», «ҚР туризмді дамытуға қосқан үлесі үшін», «Құрметті білім қызметкері», «ҚР туризм саласында сіңірген еңбегі үшін» т.б.)

Жүргізуші: Оқушылар бүгінгі музей сағатында В.П.Фоминнің өмірі мен шығармашылығымен танысып сіздерден кері байланыс ретінде 2 топқа конверт беріледі, оның ішінде дұрыс және қате 10 мәлімет жазылған, мәліметтер ішінен дұрыстарын тауып, тақтада ілінген постерге жапсырып, айтылған ақпараттарды түйіндейміз.

Мысалы:

Виктор Павлович Фомин – білімі жоғары, А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтының жаратылыстану-география факультетін бітірген.

Виктор Павлович Фомин – білімі орта, А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітірген.

В.П. Фомин педагогика ғылымдарының кандидаты, 1999 жылы Халықаралық Балалар-Жасөспірімдер туризмі және өлкетану академиясының академигі атанды, 2008 ж.бастап ҚР География қоғамының мүшесі болып табылады.

В.П. Фомин – 1985 жылы физика ғылымдарының докторы атанды, 1997 жылдан бастап ҚР Жазушылар одағының мүшесі, ақын.

Виктор Павлович Фомин 1957 жылы 12 сәуірде

РФ, Тамбов облысы, Ушенский ауданында дүниеге келген.

Виктор Павлович Фомин 1957 жылы 12 сәуірде ҚР, Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген.

Виктор Павлович 2005 ж. бастап «Соқпақ-Тропинка» журналының бас редакторы болған, ол бүкіл республика және облыс бойынша кеңінен таратылуда.

Виктор Павлович 2005 ж. бастап «Менің Отаным - Қазақстан» журналының бас редакторы болып табылады, ол бүкіл республика және облыс бойынша кеңінен таратылуда.

Виктор Павлович Фоминнің жалпы еңбек өтілі – 40 жыл. (1979-2019 жж)

Виктор Павлович Фоминнің жалпы еңбек өтілі – 30 жыл. (1979-2019 жж)

1982-1984 жж. Зеленов ауданы, Первосоветск орта мектебі директорының оқу-тәрбие жұмысының орынбасары қызметін атқарған.

1988-1990 жж. Бөрлі ауданында директордың оқу-тәрбие жұмысының орынбасары қызметін атқарған.

1997 жылы Виктор Павлович Фомин кандидаттық диссертациясын қорғады.

1997 жылы Виктор Павлович Фоминнің өлендер жинағы жарық көрді.

1986-2019 жж. БҚО балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының директоры қызметін атқарды.

1986-2019 жж. БҚО өнер-шығармашылық орталығының директоры қызметін атқарды.

Облыс аудандарында туристік-өлкетану жұмыстарының нәтижелі дамуы үшін арнайы туристік қоғамдық кадрларды дайындау семинарын Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе қалалары мен Мәскеу, Белгород, Ярославль, Красноярск, Санкт-Петербург қалаларында тәжірибе алмасу мақсатында жүргізген.

Облыс аудандарында туристік-өлкетану жұмыстарының нәтижелі дамуы үшін арнайы туристік қоғамдық кадрларды дайындау семинарын Семей, Өскемен, Көкшетау, Казань, Сочи, Саратов, Самара қалаларында тәжірибе алмасу мақсатында жүргізген.

Виктор Павловичтің қолдауымен «Әр білім беру мекемесінде музей!» акциясы

негізінде облыс бойынша 169 мектеп музейі ашылып, соның ішінде 138-і паспортталған.

Виктор Павловичтің қолдауымен «Әр білім беру мекемесінде музей!» акциясы негізінде облыс бойынша 100 мектеп музейі ашылып, соның ішінде 45-і паспортталған.

Қорытынды. Бүгінгі музей сағатына балалар туризміне зор үлес қосқан тұлға - В.П. Фоминнің атқарған қызметімен, өмір жолымен таныстық. Бүгінде шәкірттері балалар туризмін дамытып, еңбегін жалғастыруда.

Музей сағатын қорыта келе, квест нәтижесі бойынша топ мүшелерін марапаттау сәтіне кезек берейік.

Жүргізуші: Ұстазымыз Виктор Павлович Фоминнің еңбегін толық тану мақсатында ұйымдастырылған музей сағатына белсене қатысқандарыңыз үшін алғыс білдіреміз.



VI Казахстанская олимпиада юных геологов 2022!

22-29 июля 2022 года сборная команда ЗКО «Сармат» приняла участие в VI Казахстанской олимпиаде юных геологов, которая проходила в Акмолинской области в республиканском учебно-оздоровительном лагере «Балдаурен» курортной зоны Бурабай.

Организатором мероприятия являются Корпоративный фонд «Жас геолог» и ТОО «Kazakhmys Barlau». Поддержку данному мероприятию также оказало министерство экологии, геологии и природных ресурсов РК. В олимпиаде приняли участие более 150 детей (учащиеся 7 - 11 классов) со всех регионов Казахстана и стран СНГ (РФ, Узбекистан, Белопусь). Сборная ЗКО «Сармат» показала высокие результаты и заняла в общекомандном зачете почетное 2 место. А также:

Номинация «Поиски нефти и газа» - 1 место; номинация «Геология и мы» - 1 место; номинация «Геологический отчет» - 1 место»; номинация «Рисунки» -



1 место; номинация «Подделки из камня» - 2 место; номинация «Палеонтология» - 3 место; номинация «Гидрология» - 3 место. Также, участница команды Кривобокова Ольга, по результатам личного зачета стала обладателем бесплатного образовательного гранта в Казахстанско-Британский технический университет. Поздравляем победителей!



Облыстық “Хрустальді шоқыр-2021” байқауының жеңімпаздарын Тани жүр! Знай наших!

Қосымша білім беру мекемелері
ТӨҚ үздік ұйымдастырғаны үшін:
I орын – Ақжайық аудандық бала-
лар - жасөспірімдер туризмі және
экология орталығы
(директоры
Умбеталиев Максим Жанишұлы).



Жалпы орта білім беретін
мекемелерде ТӨҚ үздік ұйымдастырғаны үшін:
I орын – Ақжайық ауданы Ы.Алтынсарин ОЖББМ
(директоры
Утепбергенова Нұржамал Утепбергеновна



Мектепке дейінгі білім мекемелерінде
ТӨҚ үздік ұйымдастырғаны үшін:
I орын – Бәйтерек ауданы «Белес» ЖОББМ
бала-бақша кешені (меңгерушісі
Жантолиева Эльвира Зиенеденқызы).

- **Вы любите свое дело?**
- **Планируете повысить свою педагогическую категорию?**
- **Хотите пополнить педагогическую копилку и распространить педагогический опыт?**

Тогда вам на помощь придет Республиканский научно-методический журнал «Соқпақ-Тропинка»!

В журнале на протяжении 16 лет публикуются труды ученых и педагогов Казахстана, а также ближнего и дальнего зарубежья в области туристско-краеведческой и экологической деятельности.

Подписной индекс: 75184, 25184 АО «Казпочта», АО «Евразия Пресс»;

Стоимость подписки (на полгода): индивидуальная-3000 тг, ведомственная-3600 тг; 1 шт-1000 тг;

Обложка на цветной глянцевой бумаге, 64 страницы, выходит раз в 2 месяца, количество выходов в год: 6;

Свидетельство о регистрации: № 4482-Ж - 1 декабря 2003 года Министерство информации Республики Казахстан;

Темы: «Актуальные вопросы», «Методология», «Туризм», «Краеведение», «Экология», «Геология», «Спортивное ориентирование», «Педагогическая практика (занятия)»;

Требования к статье: не менее 5 страниц, аннотация на 2 языках (казахский, русский), ключевые слова, фотографии автора и необходимых для статьи форматов JPEG, список использованной литературы, квитанция о подписке на издание; Распространитель/типография: ГККП «Областной центр детско-юношеского туризма и экологии Управления образования акимата Западно-Казахстанской области»;

Адрес: г.Уральск, ул. Исатай батыра 71/1, тел/факс (8-7112) 52-59-42, E-mail: evrasia_centre@mail.ru;

Телефон редактора: 8 707 873 59 31. Кайрлиева Куралай Жауынбаевна

